

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚР НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК**

**ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ.
ХИМИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН КҮШЕЙТІЛГЕН
ІРГЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУ**

**ГЕОТЕХНИЧЕСКОЕ ПРОЕКТИРОВАНИЕ.
ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОСНОВАНИЙ,
УСИЛЕННЫХ ХИМИЧЕСКИМИ МЕТОДАМИ**

**ҚР НТҚ 07-01.5-2012
НТП РК 07-01.5-2012**

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, ҚарМТУ жанындағы ҚазКСЖДИ институты
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4. **ОРНЫНА:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», Институт КазМИРР при РКГП КарГТУ
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4. **ВЗАМЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	V
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 АНЫҚТАМАЛАР	2
4 БЕЛГІЛЕР	4
5 ТОПЫРАҚТЫ ХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРМЕН БЕКІТУ	7
5.1 Жалпы ережелер	7
5.2 Инженерлік ізденістер мен арнайы зерттеулер	14
5.3 Негіздерді жобалауға қойылатын негізгі талаптар	17
5.4 Негіздерді есептеу және жобалау әдістері	19
5.4.1 Жобалауға қойылатын талаптар	19
5.4.2 Есептеу әдісі	22
6 НЕГІЗДЕРДІ ХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРМЕН КҮШЕЙТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	28
6.1 Химиялық материалдар талаптар.....	28
6.2 Негізді бекітудің технологиялық тәртібі.....	29
6.3 Сапаны бақылау және жұмыстарды қабылдау	41
6.4.Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау шаралары	45
А ҚОСЫМШАСЫ(<i>ақпараттық</i>) Топырақты, әктасты, цементті және басқа да арматуралаушы элементтермен күшейтілген негізді жобалаудың еуропалық моделі	49
Б ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Топырақты бекітудің типін (түрін) таңдау және конструктивтік сұлбасын тағайындау	55
В ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Геотехникалық зерттеулерді жүргізудің әдістері	66
Г ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Еурокод бойынша топырақтарды химиялық тәсілмен сынақтау	71
Д ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Шөгін кететін сазды құм аралас топырақтардың жұту сыйымдылығын анықтау	75
Е ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Топырақтардағы ғанышты анықтау.....	76
Ж ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Топырақтардағы органикалық заттарды анықтау.....	77
И ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Натрий силикатының модулын анықтау	78
Қ ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Еурокод арқылы топырақтың сүзуі сынақтары туралы ақпарат.....	79
Л ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Топырақтардың сүзілу коэффициенттінің лабораториялық анықтамасы	81
М ҚОСЫМША (<i>міндетті</i>) Силикаттау тәсілдерімен топырақты химиялы бекітуде қолданылатын химиялық материалдар.....	86
Н ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Құмтас топырақтарды бір ерітінділі екі компонентті силикаттау және шайырлау үшін бекітуші қоспалардың құрамының көлемді ара қатынастардан гел түзілу уақытының тәуелділігін анықтау	92

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

П ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Силикаттау және шайырлаумен бекітілген топырақтардың бірестік сығылудағы беріктігін анықтау	93
Р ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Топырақты Еврокод бойынша беріктікке сынақтау	95
С ҚОСЫМШАСЫ(<i>ақпараттық</i>) Топырақты беріктікке сынақтау туралы ақпарат.....	98
Т ҚОСЫМШАСЫ(<i>ақпараттық</i>) Топырақтарды шайырлау және силикаттау кезіндегі қолданылатын жабдықтар тізімі және сипаттамасы	100
У ҚОСЫМШАСЫ(<i>міндетті</i>) Жұмыс өндірісінің журналдарының үлгісі	103

КІРІСПЕ

Топырақты бекіту – бұлар-түрлі физико-химиялық тәсілдерді қолданаотырып құрылыста пайдаланылатын топырақтың, табиғи жағдайында құрылыстық қасиетінің жасанды түрде өзгеруі. Топырақтың жасанды өзгеруі оның беріктігінің, тұрақтылығыныңартуын, су сіңіргіштігінің, сығылуының азайуын, жәнеде топырақтың табиғи беріктігінің қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты,әсіресе ылғалдылыққа,сезгіштігініңәлсіреуін білдіреді.

Топырақты физико-химиялық тәсілмен бекітудіңқазіргі деңгейде дамуынтиімді қолдану құрылыс тәжірибесінде кездесетін келесі мәселелерді шешеді:

- бұрын салынып имараттардың ірге тасын күшейту;
- шөкпелі топырақтарда өнеркәсіптік және азаматтық имараттарды салу;
- суға қанылған топырақтарда құрғақ қазаншұңқырларды қазу;
- жер асты қазылымдарын өту;
- зәулім топырақтық және тасты-нобайланған бөгеттерді аллювиалды топырақтарда салумен байланысты оларда сүзуге қарсы бүркеулерді жасау;
- бетоннан салынған имараттарды (ірге тастарды) агрессивті жер асты суларының зиянды әсерінен топырақта қатып қалатын химиялық реагенттерді енгізуарқылы қорғау, сонымен бірге арнайы коррозияға қарсы қосымшаларды кері төгінді топырақтарға енгізу;
- қадалардың және үлкен диаметрлі тіректердің көтеру қабілеттілігін олардың табанынан төменгі топырақтарды бекітуарқылы арттыру.

Бекітілген топырақтарға қойылған талаптарға байланысты, топырақты тез және нық бекіту үшін екі санатты тәсілді ерекшелеуге болады. Оларға: екі ерітінділі силикаттау, кремне фторсутек қышқылын қолданумен бір ерітінділі силикаттау, күмдақ топырақтарды бір ерітінділі силикаттау, топыраққа су өткізбеушілікті және беріктік беретін шайырлау және цементті-сазды ерітіндіні енгізу жатады. Оларға сазды силикатты, саздыалюмосиликатты және силикаттытампожады ерітінділерді қолдану жатады.

Топырақты бекіту ұңғы иъекторлары арқылы аз тұтқырлы химиялық ерітінділердітопыраққа қысыммененгізуарқылы жүзеге асады, сонымен бірге топыраққа электр қуатының, жылыту және салқындату әсерімен жүргізіледі. Химиялық ерітінділер күн өткен сайын қатайып, топырақты су өткізбейтін тасқа айналдырады.

Химия бекітуі ұзақ ауқытқа жарайды және басқа тәсілдермен салыстырғанда бірнеше артықшылықтары бар (қатырудан, кесондық және т.б.тәсілдерден).

Негізгі артықшылықтар:

- жұмыс орындалуының оңайлылығы;
- қолданылатын жабдықтың қолайлығы;
- жұмыс орындалуының қысқа мерзімділігі;
- топырақты кез-келген тереңдікте әлде-бір арнайы қазылымсыз және жер жұмыстарынсыз бекіту;
- жер асты жұмыстарын имараттың немесе ғимараттың жұмысын тоқтаусыз жүргізу мүмкіншілігі.

Нормативті-техникалық құжат ҚР ҚЕ EN 1992, 1997/2011 дамуытуға берілген тапсырмасына сәйкес және қазіргі ғылымның, техника мен технологияның,

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

геотехникалық құрылыстарды жобалауменоны салудыңшетелдік және отандық тәжірибесіне негізделіп орындалған.

Нормативті-техникалық құжат Еурокодтармен және оның сілтемелі стандарттарымен барынша үйлестірілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ. ХИМИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН КҮШЕЙТІЛГЕН
ІРГЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУ**

**ГЕОТЕХНИЧЕСКОЕ ПРОЕКТИРОВАНИЕ. ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОСНОВАНИЙ,
УСИЛЕННЫХ ХИМИЧЕСКИМИ МЕТОДАМИ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Бұл құрал салынып жатқан және қайта құрылып жатқан ғимараттардың негізін химиялық тәсілдермен бекітуді жобалау және тұрғызуға арналған.

Нормативті-техникалық құжат ҚР ҚЕ EN 1992, 1997/2011 дамуытуға берілген тапсырмасына сәйкес және қазіргі ғылымның, техника мен технологияның, геотехникалық құрылыстарды жобалауменоны салудың шетелдік және отандық тәжірибесіне негізделіп, азаматтық және өндірістік құрылыс кезінде әр-түрлі өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған топырақты химиялық тәсілмен бекітуді жобалау және оны жасау жұмыстарының инъекциялық шайырлау және силикаттау тәсіліне арналған.

Осы құралындасуға қаныққан табиғи жағдайдағы топырақ қана емес, үйінді топырақтардағы негіздерді бекітуге арналған материалдарға қойылатын техникалық талаптар, негіздерді бекітуді есептеудің принциптері, орналастыру технологиясы, жұмыс сапасын бақылау және қабылдау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау талаптары берілген. Талаптар тек қысымды жер асты суы бар жағдйды қарастырмайды.

Осы құралында топырақты химиялық тәсілмен бекітудің мәнін баяндайтын, тәсілдердіңжіктелуі және олардың қолдану ортасын, негіздерді жобалаудың нақтылайтын ережесі мен қағидалары бекітіліп, имараттар мен ғимараттардың іргетастарын және негіздерін инъекциялық тәсілдерімен топырақтың табиғи жағдайында химиялық бекіту жұмыстарының тәртібі туралы мәліметтер жазылған.

Құралжобалық-ізденіліс, жобалық және өндірістік кәсіпорындарынданегіздерді, ірге тастардыжәне жер асты ғимараттарын құрумен айналысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерге арналған.

Осы құралдағы ережелер топырақты химиялық тәсілмен бекітудегі жаңа конструктивтік және технологиялық шешімдерге немесе қағидаларға, сонымен бірге қазіргі күнгі тәсілдерді жетілдіругешектеу қоймайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы оқу құралында құрылыс ережелеріне келесі нормативті-техникалық құжаттар сілтемелеп пайдаланылған:

СН РК EN 1990:2002+A1:2005/2011. Основы строительного проектирования

СН РК EN 1997-1:2004/2011. Геотехническое проектирование. Часть 1. Общие правила

СН РК EN 1997-2:2007/2011. Геотехническое проектирование. Часть 2. Исследования и испытания грунта

ISO 14688-1-2009 Геотехническое исследования и испытания идентификация и классификация почв. Часть 1. Идентификация и описание

EN 12063-2009 Производство специальных геотехнических работ. Шпунтовые стены

EN 1536-2009 Выполнение специальных геотехнических работ. Буровые сваи

EN1537-2009 Выполнение специальных геотехнических работ. Грунтовые анкеры

3 АНЫҚТАМАЛАР

Осы құралында құрылыс ережелеріне сәйкес келесі атаулар тиісті анықтамалармен қолданылады:

3.1 Анизотропия—беріктік, серпімділік сипаттамаларының және материалдың физикалық қасиеттерінің әр түрлі құрылымдық бағыттардағы өзгеліктері.

3.2 Анизотропты материал – дененің нүктесі арқылы өтетін, барлық бағыттарда әр түрлі механикалық қасиеттері бар материал.

3.3 Топырақтың арматураланған алабы –арматураланған элементтермен күшейтілген табиғи топырақ алабы.

3.4 Арматуралау элементі- жоғары сығушы және созушы күштерді қабылдауды қамтамасыз ететін арматураланған топырақтың құрама бөлігі.

3.5 Берма –бөгеттер, арналар, нығыздалған жағалар, қазылымдар, қазаншұңқырлар, топырақ (тас) үйінділердің еңістерінде немесе үйіндінің табан аралығында (автомобилдік немесе темір жол жолдарында) және қорымда (су бұрғыш жырамен) салынатын кертпеш.

3.6 Топырақ – литосфераның үстіңгі қабатындағы тау жыныстарының үгілу өнімдері

3.7 Тұтасқан топырақ – ілініскен, литосфераның үстіңгі қабатындағы тау жыныстарының үгілу өнімдері.

3.8 Сусымалы топырақ – тау жыныстарының механикалық үгілу өнімдері.

3.9 Шөкпе топырақ –сулауда тік өзгерістерге (отырып кетуге) ұшырайтын топырақ.

3.10 Деформация - дене өлшемдерінің немесе пішіннің (дене мүшелерінің) сыртқы күштердің әсерінен (белсенді күштер, температура, тіректерін жылжуы және тағы басқа факторлардан) өзгеруі.

3.11 Негіздің деформациясы – негізгі ғимараттардан (имараттардың) түскен күштердің нәтижесінде немесе ғимаратты пайдалануы және салу кезіндегі негіз топырағының физикалық күйінің өзгеруінің негізінде пайда болатын деформация.

3.12 Кулон заңы – жылжуға шекті кедергінің нормальді кернеу тәуелділігі.

3.13 Топырақты сынау – топырақтың физико-механикалық сипаттамасын анықтау әдісі.

3.14 Инженерлі-геологиялық зерттеулер – ғимараттар мен имараттарды орналастырудың ең қолайлы орындарын анықтау үшін және тиісті жобалық шешімдерді қабылдау мақсатымен жүргізілетін геологиялық және гидрогеологиялық факторларды бағалау және анықтауға арналған кешенді зерттеулер.

3.15 Жанамалық кернеу – қимаға жанама бойымен әсер ететін кернеу.

3.16 Шекті күйлерді әдіс – конструкцияларды тұрғызу және пайдаланудың кезінде шекті күйдің болуына жол бермеу талаптары негізделген есептеу тәсілі.

3.17 Серпімді дене үлгісі–кернеулер мен деформация арасындағы сызықты тәуелділіктің дене үлгісі.

3.18 Ығысу модулі (екінші топтық серпімділік модулі)– ығысудың серпінділік деформациясына қарсыласуға қабілетін сипаттайтын материалдың физикалық тұрақтылығы.

3.19 Серпімділік модулі (бірінші топтық серпімділік модулі) – материалдың қаттылығын яғни оның созылуда(сығылу) серпінді деформацияға қарсыласу қабілетін сипаттайтын физикалық тұрақтылық.

3.20 Кернеу– ішкі күштердің қарқындылығы; **(геотехника саласында)** – топырақтың қаңқасындағы толық кернеу мен түйіршік аралық сұйықтықтың қысымының айырмасымен анықталатын ішкі күштердің тиімді қарқындылығы.

3.21 Төгілген топырақ - құрылымы бұзылған табиғи жаратылыстан пайда болған топырақ.

3.22 Механиканың сызықты емес есептері – механиканың геометриялық немесе физикалық сызықтық еместік есептері.

3.23 Сызықтық емес серпінді дене - қалдықты деформациялар болмайтын жүктемелеу және жүк түсіру үрдісі дәл келетін дене.

3.24 Топырақтың шөгуді – топырақтың кеуек көлемінің өзгеру салдарынан пайда болатын тік деформациясы.

3.25 Табиғи негіз – ғимараттардың немесе имараттардың жүктемелерін қабылдайтын табиғи куйдегі топырақ.

3.26 Жасанды негіз – ғимараттардың (имараттардың) жүктемелерін қабылдайтын, тығыздаумен, химиялық, электрохимиялық, термикалық немесе басқа күшейту(бекіту) тәсілдерімен жасалған жасанды өзгертілген қасиеттері бар топырақтар.

3.27 Еңіс–шұңқырлардың және үйінділердің бүйір бет жақтарының көлбеулігі.

3.28 Жалпақ кернеуленген күй – дененің ішіндегі барлық кернеулер бір жазықтықта әрекет жасайтын және үйлесімді есеп екі өлшемді болатын күй.

3.29 Топырақтың тығыздығы – топырақтың көлем бірлігінің массасы.

3.30 Сырғығыштық – тұрақты күш әсерінен деформацияның уақытқа байланысты өзгеруі.

3.31 Топырақтың, бетонның сырғығыштығы – бетонның және топырақтың минералды қаңқасының (сазды топырақтарда) деформациясының өзгеріссіз қысым әсерінен уақытқа байланысты өзгеруі.

3.32 Кеуектілік – құрамында газбен, ауамен немесе сумен толтырылған кеуектілігі бар топырақтың қасиеті.

3.33 Шекті күй бойымен есептеу–конструкцияларды тұрғызу және пайдалану кезінде шекті күй болдырмау талаптарына негізделген есептеу тәсілі.

3.34 Релаксация –тұрақты деформация кезіндегі материалдағы кернеудің біртіндеп өзгеруі.

3.35 Реология –кернеулердің және деформацияның уақытқа тәуелділігі туралы ілім.

3.36 Қада- шартты іргетастың тігінен бекемделінетін элементтерінің жер асты бөлігі.

3.37 Жылжу, кесік–жанамалы кернеулерден болатын деформациялар түрі.

3.38 Ұңғы – топырақтан геологиялық құрылысын зерттеп білу үшін және сынама алуғаарнайы жасалынған тік геологиялық қазылым.

3.39 Жылжуға кедергі –шектік жанамалық кернеу мәнімен анықталатын топырақтың беріктігінің сипаттамасы(қирату, кесу жағдайдағы).

3.40 Ілінісу – сазды топырақтардың байланыстылығын қамтамасыз ететін физикалық қасиеті

3.41 Топырақтың отыруы– құрылымдық байланыстар күйінің өзгеруінен пайда болғандеформация түрі.

3.42 Тепе-теңдік шарты –жүйенің бүтіндей немесебір бөлігініңтепе-теңдігі қанағаттандырылатын шарт.

3.43 Ішкі үйкеліс бұрышы – Кулон тәуелділігінің түзу сызығының,кестенің абсцисса өсіне көлбеу келетін бұрышы, топырақтағы үйкелістік көрсеткіші болып саналады.

3.44 Қиыршық тас – түйін көлемі10...200 мм болатын кедір-бұдыр бетті және сүйір бұрышты байланыспаған топырақ

4 БЕЛГІЛЕР

A' –жүктемені берудің тиімді көлемі ($A' = B' \times L'$)

A_c –сығылу кезіндегі негіздің жалпы көлемі;

a_d –геометриялық мәліметтердің есептік мәні;

a_{nom} –геометриялық мәліметтердің номиналды мәні;

Δa –номиналды геометриялық мәліметтерге өсімі;

B –іргетастың ені;

b' –іргетастың тиімді ені;

C_d –функционалдыңтың тиісті белгісі үшін шектік есептік мәні;

c –топырақтың меншікті ілінісуі;

c' –тиімді кернеулерде болатын топырақтың меншікті ілінісуі;

c_u –дренаждалмаған жылжу кезіндегі топырақтың беріктігі;

$c_{u,d}$ –дренаждалмаған жылжу кезіндегі топырақтың беріктігінің есептік мәні;

D –іргетастың салыну тереңдігі;

E_d –эсердің нәтижесінің есептік мәні;

$E_{stb;d}$ –тұрақтандыратын эсер нәтижесінің есептік мәні;

$E_{dst;d}$ –тұрақтандырмайтын эсер нәтижесінің есептік мәні;

F_d –эсердің есептік мәні;

- F_k —әсердің сипаттамалық мәні;
- F_{rep} —әсердің қайта көрсетілетін мағынасы;
- G_{fcr-j} —көтергіш күшті тексеру үшін бірқалыпты тұрақсыздандыратын әсерлердің есептік мәні;
- G_{Ab-d} —көтергіш күшті тексеру үшін бірқалыпты тұрақтанған әсерлердің есептік мәні;
- $G'_{sib\backslash d}$ —өлшейтін күштерді анықтау үшін тұрақтанған бірқалыпты тік әсерлердің есептік мәні;
- H —іргетас табанына қатарлас толық әсер құрайтын немесе көлбеу жүктеме;
- H_d — H -ың есептік мәні;
- H —қабырғаның биіктігі;
- H —гидравликалық көтерудегі судың деңгейі;
- H' —гидравликалық өлшеуді тексеру үшін топырақтың призмасының биіктігі;
- h_w-k —топырақтыңпризма негізіндесудың гидростатикалық қысымының сипаттамалық мәні;
- K_o —тіреуіш қабырғаның ар жағындағы көлбеу бет жағының тыныштық күйіндегі топырақтың бүйір қысымдылық коэффициенті;
- K_{of} —тіреуіш қабырғаның ар жағындағы топырақтың бет жағының көкжиегіне рбұрышпенқисайған тыныштық күйіндегі топырақтың бүйір қысымдылық коэффициенті;
- k —қатынасы $5/\varphi_{ст}^{\wedge}$;
- L —ірге тастың ұзындығы;
- P_d-P —дің есепті мәні;
- P_p —анкерді сынақтан өткізу кезіндегі ең жоғарғы шектік жүктеме;
- $Q_{dst,d}$ —көтергіш күшті тексеру үшін тұрақсыздандыратын тік әсерлердің айнымалы есептік мәні;
- q_{bj} —негіздің меншікті кедергісінің сипаттамалық мәні;
- q_u —сығу кезіндегі шектік беріктік;
- $K_a\theta-R_a$ —ның есептік мәні;
- $R_{aj}-R_a$ —ның сипаттамалық мәні;
- R_{bM} —топырақты сынақтан өткізу кезінде алынған сипаттамасы бойынша есептелген қаданың төменгі ұшындағықарсыласуы;
- R_c —көтеру қабілеттілігі бойымен шекті күйде топырақтың сығылуға кедергісі;
- $R_{c;cai}-R$ —дің өлшелген шамасы;
- $R_{cj}-R_c$ —ның өлшелгені шамасы;
- $R_{c;k}-R_c$ —ның сипаттамалық шамасы;
- R_d —әсерге кедергі ететін есептік мән;
- R_{p-d} —топырақтыңіргетастың бүйір бет жағынанқысудан пайда болған, қарсыласу күшінің есептік мәні;
- S_{fatM} —топырақта сүзілу қысымының тұрақсыздандырғыш күшінің есептік мәні;
- $S_{dst/t}$ —топырақта сүзілу қысымының тұрақсыздандырғыш күшінің сипаттамалық мәні;
- S —шөгу;
- S_o —лездік шөгу;
- S_l —шоғырландырудан болған шөгу;

S_2 —топырақтың жылжымалығынанпайда болғаншөгу(екінші қайтара шөгу);

U —судыңкеуектік қысымы;

$d_{st,rt}$ —судың толық кеуектік қысымыныңтұрақсыздандырылған жиынтығының жобалық мағынасы;

V —тік түскен жүктеме немесе іргетастың негізіне түсетінқалыпты әсердің толық жиынтығы;

V_d-V —ның есептік мәні;

V'_d —тиімді тік әсерлердің есептік мәні немесе іргетастың негізіне түсетін қалыпты әсердің құрамдас жиынтығы ;

$V_{fa,d}$ —ғимаратқа тік тұрақсыздандырылған әсердің есептік мәні;

$F_{dst,ir}$ —ғимаратқа тік тұрақсыздандырылған әсердің сипаттық мәні;

X_d —материалдың қасиетінің есептік мәні;

X_k —материалдың қасиетінің сипаттық мәні;

z —тігінен келген қашықтық;

Грек әріптері

α —іргетас негізінің бет жағының горизонталға еңкейісі;

β —қабырғаның арт жағындағы топырақтың қиябет бұрышы (үсті - оңды);

δ —топырақ-конструкция түйісіндегі үйкеліс бұрышы;

δ_d — δ -дің жобалық мәні;

γ —меншікті салмақ;

γ' —тиімді меншікті салмақ;

γ_a —анкер үшін жеке коэффициент;

$\gamma_{a;p}$ —тұрақты анкерлер үшін жеке коэффициент;

$\gamma_{a;t}$ —уақытша анкерлер үшін жеке коэффициент;

γ_b —қаданы негіздеудің кедергісі үшін жеке коэффициент;

γ_c —тиімді ілінісу үшін жеке коэффициент;

γ_{cu} —дренажалмаған күйде жылжуға беріктік үшін жеке коэффициент;

γ_E —әсер үшін жеке коэффициент;

γ_f —қайта көрсетілетін мағыналарынан қолайсыз ауытқуларды есептеумен әсерлерік үшін жеке коэффициент;

γ_F —жеке коэффициент;

γ_G —тұрақты әсер үшін жеке коэффициент;

$\gamma_{G;dst}$ —біркелкі тұрақсыздандыратын әсер үшін жеке коэффициент;

$\gamma_{G;stb}$ —біркелкітұрақтанған әсер үшін жеке коэффициент;

γ_m —топырақтың көрсеткіші үшін жеке еселік (материалдың қасиеттері);

$\gamma_{m;i}$ — i -қабаттағы топырақтың көрсеткіші үшін жеке коэффициент;

γ_M —белгісіз үлгілерді ескеретін, топырақтың көрсеткіштеріне (материалдың қасиетіне) арналған жеке коэффициент;

γ_Q —айнымалы әсер үшін жеке коэффициент;

γ_{qu} —бүйір кеңейтуді мүмкіндіктің жанында беріктігі үшін жеке коэффициент;

γ_R —кедергі үшін жеке коэффициент;

$\gamma_{R;d}$ —кедергінің үлгісінде анықталмағандық үшін жеке коэффициент;
 $\gamma_{R,e}$ —топырақтың кедергісі үшін жеке коэффициент;
 $\gamma_{R,h}$ —сырғанаудың кедергісі үшін жеке коэффициент;
 $\gamma_{R,v}$ —қысуға кедергі үшін жеке коэффициент;
 γ_s —қаданың діңгектің бүйір бет жағы бойымен кедергі үшін жеке коэффициент;
 $\gamma_{S;d}$ —анықталмаған әсерлерлі нәтижелерді пішіндеу үшін жеке коэффициент;
 $\gamma_{Q;dst}$ —гидравликалық үзілу шақыратын тұрақсыздандыратын әсер үшін жеке коэффициент;
 $\gamma_{Q;stb}$ —гидравликалық үзілу шақыратын тұрақтанған әсер үшін жеке коэффициент;
 $\gamma_{s;t}$ —қаданың созылуға кедергі жасау үшін жеке коэффициент;
 γ_t —қаданың толық кедергі жасау үшін жеке коэффициент;
 γ_w —судың салыстырмалы салмағы;
 $\gamma_{\varphi'}$ —ішкі үйкеліс бұрышы үшін жеке еселік ($\text{tg}\varphi'$);
 γ_t —судың салыстырмалы салмағы үшін жеке коэффициент;
 θ —көлбеу бұрышы H ;
 ψ —қайта көрсетілетін шамаға сипаттамалық көлемінің түрлену коэффициенті;
 $\sigma_{stb;d}$ —толықтұрақтанған тік кернеуді жобалау мағынасы;
 $\sigma'_{h;0}$ —топырақ қысымының тыныштықтағы тиімді көлбеу құрамдас коэффициенті;
 $\sigma(z)$ — z тереңдіктегі қабырғаға қалыпты кернеу;
 $\tau(z)$ — z тереңдіктегі қабырғаға жанама кернеу;
 φ' —тиімді кернеулердегі ішкі бұрыштың үйкелісі;
 φ_{cv} —жылжудағы шекті күйдегі ішкі үйкеліс бұрышы;
 $\varphi_{cv;d}$ —жобалық шама φ_{cv} ;
 φ'_d —жобалық шама φ' .

5 ТОПЫРАҚТЫ ХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРМЕН БЕКІТУ

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Топырақтың жасанды өзгеруі оның беріктігінің, тұрақтылығыныңартуын, су сіңіргіштігінің, сығылуының азайуын, жәнеде топырақтың табиғи беріктігінің қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты, әсіресе ылғалдылыққа, сезгіштігінің әлсіреуін білдіреді.

5.1.2Топырақтарды химиялық технологиямен өндеуге байланысты топырақты химиялық тәсілмен бекітудің екі түрі болады:

- инъекциялы химиялық бекіту, топырақтың табиғи орналасу жағдайындажәне құрамын бұзбай, ерітінді немесе газ түріндегі реагенттерді қысымарқылы толтырып енгізіледі;

- топырақты бұрғылап араластырып бекіту, арнайы кондырғылар мен механизмдерді пайдалана отырып, оның табиғи құрылымын сусымалы немесе сұйық реагенттермен мен қоспаларды механикалық араластыру арқылы топырақты бекітуі қарастырады.

Инъекциялы бекіту белгілі су сіңіргіштік қасетіне ие, құмдақтарға, ірі кесектерге, жарықшақты тастарға және жартылай жартасты топырақтарға, сонымен бірге отырып кететін құм аралас топырақтарға таралады.


Бұрғымен араластырып бекіту тас емес топырақтардың барлық түрлеріне, сазды топырақтардың су сіңіргіштікке тәуелсіздігіне де қарамай қолданылады.

Екі бағыт та едәуір мөлшерде күрделі инженерлі-геологиялық жағдайда әлсіз топырақтардағы құрылыс мәселесінің шешеді.

5.1.3 Инъекциялы химиялық бекіту топырақтың механикалық беріктігін және бекемділігін қайтымсыз жоғарлатады, топырақтың суөткізгіштігін және сығымдылығын азайтады, сонымен бірге құм аралас және саз сияқты топырақтардың суланып кететін жағдайда шөгуін тоқтатады, іс жүзінде құрылыстың көп мәселелерін шешу үшін қолданылып кең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:


- бұрын соғылған имараттардың іргетастарының негіздерін күшейту;
- отырып кететін топырақтарда өнеркәсіптік және азаматтық имараттардың негіздерін орнықтыру;
- құрылыс қазаншұңқырларын және басқа да ашыққазылымдарды қазу кезінде тіреуіш қабырғаларын құру және еңістерді күшейтуі;
- әлсіз топырақтарындағы әр түрлі жер асты қазба жұмыстары кезінде уақытша іс-шараны ұйымдастыру;
- жер асты суларының агрессивті зиянды әсерінен бетоннан салынған ғимараттарды (ірге тасты) қорғау және сүзілуге қарсы бүркеулерді жасау;
- топырақты қадалардың және тағы басқа тіректердің көтеру қабілеттілігін жоғарылату.

1-5 Суреттерде топырақты инъекциялы химиялық тәсілмен бекітудің әр түрлі жағдайларда қолданудың тәжірибелік үлгісі көрсетілген.




1-ірге тас; 2 - инъекторлар; 3- еңбелер бойымен бекітілген массивтер

1 Сурет–Бұрын тұрғызылған ғимараттардың іргетастарының астындағы топырақты инъекциялы химиялық бекітудің технологиялық үлгісі




а- жоспар, б – қима, в- манжеті - тампон инъекторының үлгісі; 1 – инъекторлар, 2- технологиялық құдықтар, 3 - бекітілген массив, 4 - тығыздағыш қадаларының шіріген қалдықтары «қортықтар», 5 - инъекторлы тесілген тұрба, 6 – тампон, 7-резеңке қаптамалар

2 сурет - Ғимараттардың іргетастарының астындағы топырақтарды инъекциялы химиялық бекітудің көлбеу технологиясы бойыншаүлгісі (Москва Кремліндегі шіркеудің негіздеуінің топырақтарын шайырлау мысалы)




1 - инъектор; 2 - қазаншұңқырдасужинағыш; 3 – бекітілген топырақтан тіреуіш қабырға; 4 - түсірмелі құдық ; 5 – бұрынғы қыздыру пеші

3 сурет - Түсірмелі құдықтарды құру кезіндегі химиялық жолмен бекітілген топырақтардан тіреуіш қабырғаларды құруүлгісі (Новолипецкідегі металлургия зауытын қайта құру жұмыстарынан алынған мысал)



4 сурет–Химиялық жолмен бекітілген топырақтардан тіреуіш қабырғалардың құрылғы үлгісі (Алматы, Бутаковқадағы жұмыстардан алынған мысал)



5 сурет – Агрессивтіжер астысуларының зиянды әсерінен бетоннан салынған ғимараттарды қорғайтын және сүзілуге қарсы бүркеуді жасау үшін инъекторлық ұңғылардың орналасу үлгісі және жағдайлық жоспары (Алматы обл., Боролдай ауылындағы шыны зауыты мысалға алынған)

5.1.4 Топырақтарды бекіту тәсілдері, оның түйірөлшемдік құрамын, атаулық жүйесін, сүзгілеу коэффициентін және табиғи топырақтың сипаттамасын, сонымен бірге бекітілетін топырақтың бекемдік және деформациялық қасиеттеріне қойылатын жобалық талаптарын нақты алынған топырақтарда ескере алатын нұсқау 1-ші кестеде көрсетілген. Әр бір тәсілдің қолдану салалары, құмдақ топырақтар үшін - сүзгілеу коэффициенттерінің шамаларымен шектесе, отырып кететін құм аралас топырақтар үшін - сүзгілеу коэффициенттерінің мәндерімен, сіңіру сыйымдылығымен және ылғалдық дәрежесімен шектелген.

1 кесте – Топырақты бекіту тәсілдері және оны қолдану салалары

Тәсілдердің және бастапқы реагенттердің атауы	Бекітуші реагенттерге ортаның әсері	Қолдану салалары		Бірестік сығылудағы беріктіктің орташа және экстремалды мәні МПа
		Топырақтардың атаулық жүйесі және кейбір сипаттамалары	Топырақ-ты сүзгілеу коэффициенті/тәу	
Хлорлы кальций және натрий силикаты ерітінділерінің негізінде екі ерітінділі силикаттау	Сілтілі	Қиыршық тасты, ірі және орта ірілік құмдар	5 - 80	(2 - 8)/5
Кремнефтор - сутекті қышқыл және натрий силикатының ерітінділерінің негізінде бір ерітінділі екі компонентті силикаттау	»	Ірілігі орташа, ұсақ және шаң аралас, және карбонатты құмдар	0,5 - 20	(1 - 5)/3
Натрий силикатының бір ерітіндісінің негізінде отырып кететін топырақтарды бір ерітінділі бір компонентті силикаттау	»	Топырақты сіңіру сыйымдылығы кемінде 10 мг-экв/100 г ие және ылғалдық дәрежесі 0,7*-ден аса емес, отырып кететін құм аралас топырақтар	Кемінде 0,2*	(0,5 - 3,5)/2
Натрий силикатының және хлорлы кальций ерітінділерінің негізінде екі ерітінділі силикаттау	Сілтілі	Қиыршық тасты, ірі және орта ірілік құмдар	5 - 80	(2 - 8)/5

1 кестенің (жалғасы)

Натриу силикатының және көмірқышқыл газының ерітіндісі негізінде газды силикаттау	»	Оған қоса, ылғалдық дәрежесі 0,75*-тен аса емес	Кемінде 0,2	(0,5 - 3,5)/2
		Ірілігі орташа, ұсақ және шаң аралас карбонатты құмдар	0,5 - 20	(1 - 5)/3
Карбамид шайырларының М, М-2, М-3, МФ-17 маркалы және тұз қышқылы ерітінділерінің негізіне бір ерітінділі екі компонентті шайырлау	Қышқыл	Құмның барлық түрлерді - қиыршық тастардан бастап шаң аралас құмдарға дейін, карбонаттардан басқа	0,5 - 50	(2 - 8)/5
карбамид шайырларының М, М-2, М-3 и МФ-17 таңбаларының және қымыздық қышқылы ерітінділерінің негізінде бір ерітінділі екі компонентті шайырлау	Сілтілі	Құмның барлық түрлері - қиыршық тастардан бас-тап шаң араласқа дейін, арнаулы зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес кейбір карбонатты	0,5 - 50	(2 - 8)/5
Натрий силикатының жә-не формамидке кремне-фтор - сутекті қышқылын қосу арқылы алынған ерітіндінің негізінде бір ерітінділі екі компонентті силикаттау	»	Ірілігі орташа, ұсақ және шаң аралас, және карбонатты құмдар	0,5 - 25	(1 - 3)/2
Натрий силикатының жә-не ортофосфор қышқылы ерітіндісінің негізінде бір ерітінділі екі компонентті силикаттау	Қышқылды	Ірілігі орташа, ұсақ және шаң аралас құмдар	0,5 - 10	(0,2 - 0,5)/0,35
Натрий силикатының жә-не натрий алюминатының ерітіндісінің негізінде бір ерітінділі екі компонентті силикаттау	Сілтілі	Ірілігі орташа, ұсақ және шаң аралас, және карбонатты құмдар	0,5 - 10	(0,2 - 0,3)/0,25

5.1.5 Химия көзқараспен топырақты инъекциялы химиялық бекіту негізде бекітілетін топырақтардың физико-механикалық қасиеттерінің жағымды өзгерістерін қамтамасыз ететін, органикалық емес және органикалық полимерлердің (бекіткіштердің) коагулянттармен (қатырғыштармен) бірігуінің физико-химиялық үдерісі жатады.

Бекіткіштер ретінде натриу силикатының (органикалық емес полимер) су ерітіндісін, сонымен бірге карбамидті және басқа синтетикалық шайырларды (органикалық полимерлер) қолданады. Қатырғыштар ретінде әр түрлі органикалық емес және органикалық қышқылдарды, тұздарды, химия қосымшаларын және кейбір газдар қолданады.

Топырақтыбекіту қолданылатын натрий силикатының ерітінділерінің негізінде, қолданылатын қатырғыштарына қарамай **силикаттау** деп атаса, карбамидті шайырлардың негізінде - **шайырлау** деп аталады, ал битум эмульсиясы негізде – **битумдау** деп аталады.

Силикаттау тәсілі негіздерді күшейту және сүзілуге қарсы бүркеу орнату үшін қызмет етеді. Силикаттауды мына тәсілдермен жүзеге асырады:

- сүзгілеу коэффициенті тәулігіне 2-ден 0,5 метр (қорыстар) болатын құмдарды бекіту үшін бір ерітінділі силикаттау тәсілін қолданады, ал сүзгілеу коэффициенті тәулігіне 2-ден 80 метр болса екі ерітінділі силикаттау тәсілін қолданады;

- сазды топырақтарға ерітінділерді бастырмалау тәсілі қолданылмайды, онын орнына электрохимиялық бекіту тәсілі ұсынылады.

Бұл ретте топырақ арқылы өткізілетін тұрақты электр тоғы мен қосылатын хлорлы кальций ерітінділеріанодтан катодқа (электроосмос) өту әсерінен топырақ құрғайды және тығыздалады. Электродтың аймағы жанында болып жатқан айырбастық реакциясы топырақтың бекінісуіне және тығыздалуына мүмкіндік туғызады

Құм аралас топырақтар тек натрий силикатының ерітіндісіенгізіліп тығыздалады. Құм аралас топырақтардың сығылуға беріктігі шамамен $10-20 \text{ кг/см}^2$, ал қорыстарда - 5 кг/см^2 .

Құмдық топырақтар. Бұл жағдайда натрий силикатының ерітіндісіне фосфор қышқылы (ірілендіргіш) қосылған ерітінді бекіткіш қызметін атқарады.

Шайырлау тәсілі майда құмдық топырақтарды бекіту үшін тұз қышқылының қосымшасы бар карбамид шайырының су ерітіндісінтопырақтарға бастырмалау арқылыбекіту үшін қолданылылады. Шайырлау топыраққа елеулі беріктік ($10-50 \text{ кг/см}^2$) және су өткізбеушілік үстемін береді.

Карбонатты құмдарды шайырлау тәсілі бұл топырақтар алдын ала өңдеу үшін пайдалануда қосылады. Карбонатты құмдарды шайырлау тәсілі бұл топырақтарды алдын ала өңдеу үшін пайдалануда қосылады, сонымен бірге ерітінділер, қышқылдарды, карбамид зольлерінен құралған қатырғыштарды бейтараптандыруға кедергі келтіретін гел жасайды. Ол үшін қымыздық қышқылы мен кремне-фтор - сутекті қышқылы ерітінділерінің пайдаланады.

Ыстық битумдау топырақтарды, ірі шарықшақты тастар мен бетон конструкцияларыныңжарықтарын битум эмульсисымен бекітуде қолданылады. Битумдау бетонның қуысына және жарықтарына БНД 60/90 немесе БНД 40/60 ыстық битумды арнай битумдағыш жоғары қысымды (5-6 МПа) поршеньді сорғыштардың көмегімен жасалады. Битум қатқаннан соң оларды суөткізбейтін етеді. Ірі кеуектер мен жарықтарды толтырғанда битумның кішіреуін ескеру қажет. Сондықтан битумды көпқайтара енгізіп, қажетті жағдайда ұзақ уақыт – 30 сағаттқа дейін қысыммен ұстау қажет. Ыстық битумдау мәңгі тоң жыныстар мен қатып қалған имараттарды диімді болғандықтан, Солтүстікте қолдануға болады.

Суық битумдаутопырақ немесе жартастың жарықшаларына битум эмульсиясын ұңғыма арқылы енгізіп, кеуектер немесе жарықтарда бекітіліп, топыраққа суөткізбейтін қабат береді. Битумдау үшін жоғары майдалықты және тұрақтылығымен ерекшелінетін енгізулілігі жоғары эмульсия қолданылады; оларды тұтқарлығы төмен БН 90/30 және БН 130/180 битумдармен органикалық қышқылдардың (олеинді және нафтенолды) ерітінділерінен, немесе сульфокышқылдардың, ағаш шайырының болмаса сульфатты-

спирт қосындысы мен басқа да анионобелсенді эмульгаторлардың қоспаларынан дайындайды.

5.1.6. Технологиялық тұрғыдан алғанда инъекциялы химиялық бекіту топырақтың табиғи жағдайындағы кеуектеріне екі түрлі, жеке енгізілетін топырақты қатырушы және беріктеуші ерітінділерді (екі ерітінділі тәсіл), бір ерітіндіні (бір ерітінділі, бір қосынды тәсіл), бір ерітінді мен газ (екі қоспалы газды тәсіл), екі қоспадан тұратын гельқұрастырғыш (бір ерітінділі, екіқоспалы тәсіл) заттарды қысыммен енгізумен байланысты.

Топырақты бекіту үрдісіне қатысатын ерітінді немесе газ түріндегі химиялық заттар бекіткіш реагенттер деп аталады.

Тапырақты бірерітінділі химиялық бекітудегі бекітуші және қатырушы ерітінділердің қоспасының жұмыстық қойырлығы **гель құрағыш қоспа** деп аталады.

Бекіткіш реагенттерді топыраққа енгізу сорғыштармен, арнайы қысымжинағыш немесе газ баллондардан берілетін сығымды ауамен, көбінесе инъекторларды тік және жанайта орналастыру технологиясымен немесе жер бетіндегі ашық ұңғымадан, имараттың інгесінен болмаса ішінен жүргізіледі. Топырақты бекіту технологияларының көрнекті мысалдары 1-5 суреттерде көрсетілген.

Егерде, бұрын тұрғызылған ғимараттар мен имараттардың астындағы топырақтарды инъекторлар мен ұңғыларды үстінен төмен қарай орналастыру технологиясы бойынша, тарлық жағдайында немесе басқа да себептермен мүмкін болмаған жағдайда, инъекциялық жұмыстар арнайы дайындалған технологиялық ойықтардан (ұзын орлардан, өтілімдерден, құдықтардан) инъекторлар мен ұңғыларды көлденең орналастыру арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда іргетас астындағы технологиялық ойықтардың қабырғаларының топырақтың жылжуынан немесе кері қопсуынан қирамауы қамтамасыз ету мақсатында, имараттың деформацияға ұшырамауын алдын алу үшін химиялық бекітулер жүргізуі тиісті. Осы технологияны екі технологиялық құдықтан жүргізу мысалы 3- суретте көрсетілген.

5.2 Инженерлік ізденістер мен арнайы зерттеулер

5.2.1 Инженерлік ізденістер мен арнайы зерттеулер іргетас негізіндегі топырақтарды инъекциялы химиялық бекітудің тәсілдерін таңдау үшін және басқа да инженерлік мәселелердің шешімін табуға арналады. Инженерлі-геологиялық ізденістер және арнайы зерттеулердің мәліметтері топырақты бекітуді жобалауға және жұмысын жүргізуге негіз болады.

5.2.2 Инженерлік ізденістер мен арнайы зерттеулер екі дәйекті кезеңнен тұрады:

- *бірінші кезеңде*, ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011. Геотехникалық жобалау. 2 Бөлім. Топырақты зерттеу және сынақтау, талаптарына сәйкес жүргізілетін стандартты инженерлі-геологиялық және гидрогеологиялық ізденістер мен топырақты зерттеулер,

- *екінші кезеңде*, осы құралдағы, 5.2.4. п. талаптарына сәйкес жүргізілетін арнайы ізденістер мен зерттеулер.

5.2.3 Топырақты инъекциялы химиялық бекіту үшін жүргізілетін инженерлі-геологиялық ізденістердің бірінші кезеңі топырақтың геологиялық құрылысы мен литологиялық құрамы, жер жағдайының гидрогеологиялық мәліметтері, топырақтың

физико-механикалық және физико-химиялық құрамы, күйі және сипаттамалары жайында толық мәліметтерді алу үшін жүргізіледі:

топырақтың барлық түрлері үшін – топырақ бөлшектерінің және топырақтың тығыздығы, ылғалдылық, суөткізгіштігі (тас емес топырақтар үшін сүзгілеу коэффициенті, тастарға өзіндік су сіңімділігі), топырақ сулары мен судың созылмалылығының химиялық құрамы;

барлық тас емес топырақтар үшін – кеуектілігі;

барлық құмдақ және ірі қиыршықты топырақтар үшін – түйіршікөлшемді құрам;

тас топырақтар үшін – бір өсті сығылуға уақытша кедергісі, езілу коэффициенті және желқақты дәрежесі;

әлсіз топырақтар үшін олардың құрамының ерекшеліктерін, күйі мен қасиеттерін:

- жоғары кеуектілігі мен ылғалдылығын;

- аз беріктігін, қатты сығылуын, сырғымалы жағдайда тығыздалуы мен беріктігінің төмендеуі кезіндігі ұзақ консолидациясын;

- топырақтың беріктігінің, деформациялық және сүзгілеулік сипаттамаларының анизотропия жағдайында бір алаңның ауданы мен тереңдігі төңірегінде жиі құоамының, күйінің және қасиетінің өзгеруі және топырақтың қасиеттерінің табиғи жағдайының бұзылуына байланысты негіздегі консолидация мен кеуіп кету үрдісіндегі кәдімгідей өзгеруін;

- кебу (құрғату) кезінде жарықшалар пайда болып отыруын;

- динамикалық әсерлерге сезімталдылығын;

- аэрация аймағындағы органикалық заттардың тұрақсыздығы;

- бетон мен темірге топырақ және жерсаты суларының жоғары коррозиялық агрессивтігін ескере отырып жүргізілуі тиісті;

- **шөкпелі саздақ топырақтар үшін** – салыстырмалы шөкпелілігі, алғашқы шөкпелі қысымы мен ылғалдылығы, беріктік және деформациялық қасиеттері (ішкі үйкеліс бұрышы, меншікті ілінісуі, жалпы деформацияның мөділі, бірөсті сығылу беріктігі);

- геоморфологиялық элементтерін анықтауға шөккіш топырақтардың тарауын және рельеф түрлерінің ерекшеліктерін (шөкпе орындары, суффузиялық-шөгу шұңқыры және тағы басқа);

- топырақтың шөгу қасиеттері, шөгу қабатының қалыңдығы, шөгу жағдайына байланысты топырақтың түрі;

- көмілген қабаттардың, карбонаттар мен ғаныштардың, үңгілердің анықталуы және таралуы.

Ізденіс кезінде жоба үшін инженерлі-геологиялық 1:2000 – 1:1000 түсіріс жасап, қосымша анықталатындар:

- микрорельефтің сипаты және шөгу құбылысының дамуы (шөгу орындарының, ойықтардың, сайлардың, үңгірлердің, жырылардың қалпы мен көлемі);

- алаң көлеміндегі сазбалшықты жыныстардың қалыңдығының және шөгу қабатының өзгеруі;

- шөккіш топырақтардың құрамдық-текстуралық ерекшеліктері (тік және жанама макрокеуектілік сипаттамасы, олардың ауданы және тереңдігі бойынша таралуы, агрессивтігі, жұқа қабаттылығы, жарықшақтылығы, қазбалы криогендік үрдістердің ізі, жерқазмырлардың індері);

- топырақтың корбанаттылығы (НСІ әсерінен қайнау дәрежесі), оның алаң және тереңдігі бойынша өзгеруі;

- шөкпе қабаттың құрамының қайталану мүмкінділігі, қабаттар мен олардың кешендерінің бірігу ерекшеліктері, әсіресе топырақтың көмулі қабаттарымен біріккен жерлеріндегі топырақтың тереңдік бойымен табиғи ылғалдылығы мен илектелу шегінің өзгеруі;

- шөкпелі топырақтардың сүзгіштік қасиеттері, топырақтың өз салмағынан шөгуі, шөккіштікке байланысты топырақ жағдайының түрі, топырақтың шөккіштігінің ауданы мен тереңдігіне қарай өзгеруі, рельефтің төменгі жағындағы және араларындағы топырақтың шөгу қасиеттері;

- шөккіштіктің мөлшерлі және есептік мәндерінің сипаттамасы, инженерлі-геологиялық элементтер бойынша табиғи ылғалдылықты және суға қаныққан жағдайдағы шөккіш топырақтардың беріктілігі мен деформациялық сипаттамалары;

- шөккіш қабаттың астындағы топырақтардың тереңдік қабаты, тұрапаты, түрі және әртүрлілігі, олардың сүзгіштік қасиеттері (арнайы тапсырыс бойынша).

5.2.4 Арнайы ізденістер мен зерттеулер екінші кезеңінде топырақты бекітудің зертханалық және натуралық жағдайда тәжірибелік жұмыстарды жүргізуді қарастырады.

Топырақтарды силикаттау және шайырлаудың арнайы зертханалық ізденістерінде топырақтың келесі қасиеттері мен бекіту параметрлері кіреді:

а) топырақ пен бекітуші ерітінділердің физика-химиялық сипаттамаларын, топырақтың және топырақ суларының рН көрсеткішін, шөккіш сазбалшықты топырақтар үшін сіңіру сыйымдылығы, карбонаттардың, ғыныштар мен органикалық заттардан мөлшері және натрий силикатының мөділі А-К қосымша бойынша анықталады;

Топырақтың химиялық қасиеттері тәжірибелік ұсыныс беру және байланыстырғыш материалдардың түрі мен мөлшерін анықтау үшін жасалады. Сол үшін келесі параметрлер анықталады:

- сульфаттар мөлшері
- хлоридтер мөлшері
- карбонаттар мөлшері
- ылғалды қышқылдар/ООУ
- катионды алмасудың сыйымдылығы (ENISO 13536 немесе 11260 бойынша)
- топырақ суының рН-балансы
- иондар мен металлдардан түрлері мен қойырлануы (күкірттендіру сынақтамасымен анықталады).

Осы анықтаулар мен сынақтар Евростандарттарда да көрсетілген.

б) топырақтың инъекциялы химиялық беріктіру параметрлерін Л-П қосымшалар бойынша анықтауға болады: топырақтың сүзгіштік коэффициенті, құмдақ топырақтарды біріктіргінді силикаттау және шайырлауда біріктіргінш қоспалардың компоненттерінің көлемдерінің гелқұраушы уақытқа қатынасын анықтау, құмдақ және шөккіш саздақ топырақтарды сынамамы бекітіп, олардың берітік және деформациялық сипаттамаларын анықтау (ішкі үйкеліс бұрышы, деформацияның жалпы мөділі, біресті сығылымға уақытша кедергі, Пуассон коэффициенті) және суғатұрақтылық.

в) суға қаныққан топырақтарды бекіту үшін топырақ суларының бағытын және жылдамдығын анықтау қажет;

г) шөккіш топырақтар үшін қосымша келесі сипаттамаларды (Q қосымшасы бойынша) анықтау қажет: силикатталған топырақтың шөккіштігі (салыстырмалы шөккіштік коэффициенті және натрий силикатының әртүрлі өзіндік мөлшеріне қарай шөгудің бастапқы қысымы); натрий силикатының тиімді меншікті шығынын анықтау.

5.2.5 Екінші кезеңдегі арнайы ізденістер мен зерттеулер ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011. Геотехникалық жобалау. 2 Бөлім. Топырақты зерттеу және сынақтау ережелерінің талаптарына сәйкес жүргізілуі тиісті.

5.2.6 Екінші кезеңдегі натуралық жағдайда топырақты силикаттау мен шайырлауда жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар зертханада алынған сипаттамаларды және де жобада белгіленген топырақты инъекциялы бекітудің келесі параметрлерін тексеру және анықтау үшін жасалады: суөткізгіштігі, бекітудің есептік көлемі (радиусы), бекітілген топырақтың беріктік және деформациялық сипаттамалары.

Топырақты химиялық бекітудің тәжірибелік жұмыстары көлемі 5000 шаршы метрден асады нұсқаларда немесе аса жауапты имараттарда қолданылады. Тәжірибелік бекітудің қажеттілігі жобалаушы мекеме шешеді. Тәжірибелік жұмыстардың құрамына кіретіндер:

- бекітілетін топырақтың суөткізгіштігін далалық жағдайда зерттеу;
- топырақты тәжірибелік бекітуді алмадымен есептік көлемін және бекіту радиусын тексере отырып жүргізу және бекітілген топырақтың беріктік және деформациялық сипаттамаларын анықтау;
- бекітілген топырақты статикалық сынақтау.

Тәжірибелік жұмыстардың қорытындысымен жобаға тиісті түзетулер енгізіледі.

5.2.7 Топырақты инъекциялы химиялық бекітуді бір кезеңді жобалау кезінде жоғарыда қарастырылған арнайы ізденістер мен зерттеулер типтік ізденістермен бір уақытта жүргізіледі.

5.3 Негіздерді жобалауға қойылатын негізгі талаптар

(1) ҚР ҚН EN 1997-1 ғимараттар мен имараттардың геотехникалық бөлігін жобалаудың жалпы принциптері ретінде пайдалануға арналған.

(2) ҚР ҚН EN 1997-1 келесі мәселелерді қарастырады:

- 1 Буын. Жалпы ережелер
- 2 Буын. Геотехникалық жобалаудың негіздері
- 3 Буын. Геотехникалық мәліметтер
- 4 Буын. Құрылысты қадағалау, мониторинг және техникалық қызмет көрсету
- 5 Буын. Үйінділер, ағымдылау, топырақты бекіту және арматуралау
- 6 Буын. Табиғи негіздегі іргетастар
- 7 Буын. Қадалы іргетастар
- 8 Буын. Анкерлерді орнату
- 9 Буын. Тіреуші имараттар
- 10 Буын. Гидравликалық қирату
- 11 Буын. Жалпы тұрақтылық
- 12 Буын. Үйінділер

Бұл құралда негіздерді жобалау ҚР ҚН EN 1997-1 5 бөліміне сәйкес қарастырылған.

5.3.1 Топырақты инъекциялы химиялық бекітудің жобасы келесі материалдарға сүйене отырып жасалады:

а) имараттық нысанның толық техникалық мәліметі, бас жоапар, жер үсті, іргетас және негізі көрсетілетін қималары, негізге түсуі мүмкін салмақтар, имараттың қасында орналасқан басқа да нысандар жайында мәліметтер;

б) бұрын тұрғызылған имараттар үшін мұрағаттық материалдар мен инженерлік тексерудің техникалық тұжырымдамасы;

в) топырақты инъекциялы химиялық бекітудің осы мәселеде тиімді шешім екендігі жайында техника-экономикалық негіздеу;

г) бекітілген топырақтағы негіздерді, іргетасты немесе басқа да тереңдетілген конструкцияларды таңдау бойынша шешімнің дұрыстығын, сонымен қоса бекітудің конструктивтік үлгісінің осы техникалық мәселеге сәйкестігін негіздеу;

д) құрылыстың бас жоспарында көрсетілген көлік жолдары, сумен және жылумен қамтамасыз ету жүйелері, канализация, электр қуатымен қамтамасыз ету және жарықтандыру, ерітінді дайындайтын тораптардың орналасуы және құбырлары, химиялық және басқа да материалдарды сақтайтын қоймалар, басқа да құрылыққа қажетті уақытша тұрғызулар, нысанға құрылыс материалдарын жеткізу, құрылыс машиналарын пайдалану, жұмысшы күшінің қажеттілігі кестелері болуы тиісті;

е) жұмысқа қажетті машиналар мен қондырғылардың (бұрғылау, қағатын, сорғыштар, инъекциялық қысымдағыш, ыдыстар) түрлері, сипаттамасы мен саны жайында мәліметтер;

ж) жұмысты жүргізу үшін технологиялық карталар мен технологиялық реті, бағалары, еңбек сыйымдылығы, машина мен материалдардың әр кезеңдегі қажеттілігі көрсетілген үлгі;

и) сынақты бекітудің көлемі және оны орындау жайында нұсқаулар;

к) топырақты бекіту бойынша жұмыс сапасын бақылау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау шаралары;

л) құрылыс жайында жалпы мәліметтер (қосалқы қондырғылар, қысқы уақыттағы жұмыс шаралары, жұмысшыларды көлікпен және тамақпен қамтамасыз ету);

м) смета, калькуляция және жекеленген бағалар;

н) жұмыс көлемі, технологиясы мен жеке жұмыстардың реті мен орындалу уақыты көрсетілген жұмыстың мерзімдік жоспары, мерзіммен көрсетілген еңбек және басқа да ресурстар, материалдар мен қондырғыларды жеткізу уақыты;

п) ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелер және ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011. Геотехникалық жобалау. 2 Бөлім. Топырақты зерттеу және сынақтау құжаттарының талаптарына сәйкес жүргізілген инженерлік зерттеулердің және осы құралдағы 5.2 п. бойынша арнайы зерттеулердің қорытындысы.

5.3.2 Топырақты бекітудің түрі мен конструктивтік үлгісін таңдау (негізді, іргетасты және басқа да тереңдетілген конструкцияларды), қарастырылып отыран инженерлік мәселе бойынша жалпықұрылыстық жобалаудағы бекітілетін алқаптың шекарасын анықтау осы құралдағы А қосымшада келтірілген жалпы талаптарға сәйкес жүргізіледі;

5.3.3 Бекітілген топырақтан жасалған тереңдетілген алқаптың көлемі, орналасуы, бекітілген топыраққа қойылатын беріктік, деформациялық және басқа да талаптар, шектік жағдайды есептеу кезіндегі нақты әсерлердің негізгі және ерекше бірігуін ҚР ҚН EN 1997-

1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелер және ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011. Геотехникалық жобалау. 2 Бөлім. Топырақты зерттеу және сынақтау және де өндірістік және азаматтық имараттар мен ғимараттардың негізі мен іргетасын жобалауға арналған құралдардың талаптарына сәйке жүргізу кезет.

5.4 Негіздерді есептеу және жобалау әдістері

5.4.1 Жобалауға қойылатын талаптар

5.4.1.1 Осы құжатта келтірілген жобалау әдістері ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелері негізінен алынған. Евростандарттың концепцияларында топырақтың параметрлеріне байланысты келесі шамалар аса ерекшеленеді:

- өлшенген шамалар
- алынған шамалар
- сипаттамашамалар
- есептікшамалар.

Алынған шамалар - бұл теориядан, тестік өлшеулердің қорытындысымен корреляциялық немесе эипирикалық жолмен алынған топырақтың параметрлері. Сапаттамалы шамалар шекті жағдайға жеткен кездегі жанжақты есептеуден алынады. Осы терминалогия құралдың басқа да буындарында қолданылады.

Алынған және сипаттамалық шамалардың анықтамалары ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелерінің принциптеріне сәйкес және осы құралда келтірілген сипаттамалық шамаларға қойылатын шектеулер болуы тиіс.

5.4.1.2 Қызмет мерзімі

Есептік қызмет мерзімі құрылыстық техникалық талаптарда көрсетіледі (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелерінде және ұлттық заңдарда).

5.4.1.3 Шекті күй

Топырақты күшейтуді максималды пайдаланудың шекті күйіне сәйкес жобалау қажет.

Топырақты күшейтуді жобалаудың беріктікке (ULS) қойылатын шекті күйдің талаптарын орындаған кезде, ұстап тұратын конструкциялардың қирауы ықтималдыққа өте аз күмән болмауы керек. Оған топырақтағы бұрын болған деформациялардың себебі, адамдарға келетін қауіп-қатер немесе ықтимал экономикалық шығындар.

Топырақты бекітілген кадалармен және алабымен күшейту конструкцияларға немесе оның төңерегіндегілерге қажетті тұрақтылық мөлшерін қамтамасыз етуден, осындай конструкция немесе оның бөлігі күшті деформацияға ұшырамауы тиісті (ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелерінде және ұлттық заңдарда).

Еврокодта беріктікке (ULS) байланысты үш жобалық жағдайды қарастыруды талап етеді: А, В, С жағдайлары.

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

Жағдай А, көбінесе итергіш күштерге қатысты мәселелерге қатысты, сондықтан тек белгілі бір жобалық жағдайда ғана қарастырылады. Бұл құралда Жағдай А қарастырылмайды.

Жағдай В тек конструкциялық элементтердің беріктігіне қатысты болғандықтан, топырақты бекітуге қатысы болмайды. Сондықтан Жағдай В бұл құралда тағы да қарастырылмайды.

Жағдай С топырақтың қирау кезіндегі қауіпсіздік шамасын анықтайды, сондықтан бекітілген топырақтың шекті күйдегі жағдайын анықтауға қатысы бар. Сондықтан негізді жобалауда тікелей Жағдай С қарастырылады.

Пайдалануға жарамды (SLS) шекті күйдің талаптарын орындау үшін негіздерді жобалау кезінде бекітілген топырақтың шөгуі ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелерінде және ұлттық заңдардағы қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиісті. SLS талаптары ұзақ мерзімді өзгерістерді де қарастырады.

5.4.1.4 Ұзақмерзімділік

Материалдардың сипаттық шамалары тереңдетіліп бекітудің ұзақмерзімділігін ескеруі қажет.

5.4.1.5 Жобалаудың принциптері мен концепциялары

Беріктік бойынша шектік күй, ULS

Беріктік бойынша шектік күй, ULS, механизмдерін қарастырған кезде топырақты күшейтітін бекітілген топырақтар мен оның төңірегіндегі бекітілмеген топырақтардың да қираған жағдайға жеткенін есептеу керек. Беріктік бойынша шектік күйдің (ULS) есептік параметрлері сипаттық шамалардың бөлшектік коэффициенттеріне де негізделуі қажет. Евростандартта пайдаланылған бөлшектік коэффициенттерінің шамасы кейбір жағдайда ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелеріндегі шамадан да төмен. Бұл құралда топырақты бекітуді жобалауда қолданылатын бөлшектік коэффициенттердің шамасы ұсынылуда.

Пайдалануға жарамдылығы бойынша шекті күй, SLS

Пайдалануға жарамдылығы бойынша шекті күйдің (SLS) есептері сипаттамалық шамалардың параметрлерін қолданып шығарылады. Негіздің шөгуін есептеу кезінде жүктеменің бекітілген топырақ пен бекітілмегенінің арасында бірыңғай таралып, әр деңгейде екеуі де сығылады деп тұжырымдалады.

Тереңдетілген бекітуді уақытша түсетін артық салмақты ескере ала отырып есептелуі қажет. Артық салмақтың мақсаты топырақты пайдаланудағы жүктемелерден асырмау. Бұл шөгу деформацияларын азайту немесе мүлдем болдырмауды көздейді.

Жобалау кезінде негіздің шөгі есептерін жүргізу керек. Мұндай есептер имаратты тұрғызу және пайдалану кезеңіндегі шөгулерді болжамдау үшін қажет. Имаратты тұрғызу кезеңіндегі тыңғылықты қадағалаудың топырақтың қасиетін бақылауда үлкен көмек береді. Топырақты тереңдетіп бекіту тәсілін жобалаудың белсенді сатысында қолдану керек (бақылау тәсілі).

5.4.1.6 Алаңды топырақты қадалармен бекіту

«Жартылай қатаң бекітілген топырақтан жасалған қада» термині ығысуға беріктік шегінің максималды сипаттамасы 150 МПа – ға тең топырақ қадаларға жатады.

Осы құралдағы есептік модель бекітілген топырақты қада мен бекітілмеген топырақ арасындағы әрекеттесуін қарастырады.

Ығысу кезіндегі шектік беріктіктің орташа шамасында негіздің беріктігін цилиндрлі беттердегідей есептейді. Бұл жағдайда топырақты қадалар өз өсі бойымен салмақ қабылдайды деп есептеледі де (сырғыманың белсенді бетімен алғанда) топырақты қаданыңығысу кезіндегі шектік беріктіктің максималды сипаттық шамасы дренажсыз (c_{uk}) 100 кПа-ға тең болады (жағымды жағдайда – 150 кПа).

Бірақта ығысу кезіндегі шектік беріктіктің максималды сипаттық шамасын дренажсыз (c_{uk}) 150 кПа алу зертханалық және далалық жағдайда алу өте қиын. Сондықтан есептік мәнін көп жағдайда (c_{uk}) 100 кПа-ға тең деп қабылдайды.

5.4.1.7 Алабымен бекіту

Есептеу кезінде бекітілетін алапты(массивті) серпімдіпластикалық бірқалыпты дене деп қараймыз. Жобада бекітілген топырақтың араласуын және гомогенизациясын ескеру қажет.

5.4.1.8 Материалдардың сипаттамалық шамалары

Жалпы мәліметтер

Сипаттамалық шамалар құрылыстық техникалық шарттарда көрсетілуі тиісті және жобаның шарттарына байланысты қабылданады.

Топырақ беріктіктің тұрақтылығы орындалғанға дейін әртүрлі химиялық байланысқа ұшырайды. Зертханалық жағдайдағы топырақтарды араластыру қай топырақты бекітуге болатынын анықтайды. Далалық жағдайдағы беріктендіру тиімділігі зертханада алынған мәліметтерден әлдеқайда айырмашылығы болады.

Топырақтың беріктік және деформациялық қасиеттері

Топырақтың қасиеттері зертханалық немесе далалық жағдайдағы зерттеулердің қорытындысымен анықталады. Топырақты зертханалық, далалық сынақтау және параметрлерін анықтау 5 бөлімде сапатталған.

Бекітілген топырақтың меншікті салмағы, беріктік және деформациялық қасиеттері

Бекітілген топырақтың қасиеттерінің сипаттамалық шамасы көп жағдайда бекітілген топырақты қаданы далалық жағдайда сынақтаудың қорытындысымен алынады. Бекітілген топырақтың қаданың қасиеттерінің сипаттамалық шамасы мен бекітілген алаптың (массивтің) сипаттамалық қасиеттері зертханалық жағдайдағы сынақтардың нәтижесімен де алуға болады.

Зертханалық араластырып сынақталған топырақтың сипаттамалық шамасын қабылдағанда далалық жағдайдағы беріктік мәндерінің айырмашылығын есептеу қажет:

g_k – топырақты қаданың сипаттамалық меншікті салмағы, бекітілмеген топырақтың меншікті салмағымен бірдей алынады;

g_k – массивтерді бекіткен жағдайда зертханалық араластып сынықтаудың нәтижесімен алынады;

c_{uk} – топырақтың дренажсыз ығысу кезіндегі шектік беріктіктігінің сипаттық шамасы, далалық сынақтаудың нәтижесімен алынады;

E_k - Юнга модулінің сипаттық шамасы, әкті-цементті бекітілген қадаларда 50-100 c_{uk} тең қабылданады. Бұл шама органикалық топырақтарда шамамен 50 c_{uk} , ал сазды

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

балшықтарда шамамен $100 c_{uk}$ құрайды. Басқа да байланыстырғыш материалдармен бекітілген қадаларда E_k шамамен $50-150 c_{uk}$ құрайды.

Массивті бекіту жағдайында M_k сығылым мөділінің сипаттық шамасы (шектеулі сығылымдағы компрессиялық деформация мөділі) $50-100 c_{uk}$ шамада қабылданады. Басқа жағдайларда барлық мәндері E_k —ға ұқсас.

5.4.1.9 Есептік шамалар

Жалпы мәліметтер

ULS- те сипаттамалық шамаларда қолданылатын жеке коэффициенттер мәні нақтылы есептік жағдайға байланысты алынады. Дайын конструкцияларда қолданылатын жеке коэффициенттердің мәні ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелеріндегідей немесе айырықша зерттеулердің негізінде қабылданады және құрылыстық техникалық шарттарда көрсетіледі.

Бекітілген топырақтың меншікті салмағы

Көтергіштік қабілетін жоғалту бойынша шектік жағдайды есептеу кезінде беріктік параметрлердің g_m шамасын ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелеріндегіден алады.

Пайдалануға жарамдылығы бойынша шектік жағдайды есептеу кезінде негіздің шөгуін ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелеріндегі сипаттық шамаларды қолдана отырып есептейді. Жалпы және дифференциалды шөгуді есептік мәндердегі жіберілген қателіктерді ескере отырып анықтайды.

Есептік мәндерді далалық сынақтаудың негізінде қабылдаған дұрыс. Зертханалық топырақты араластырып алынған есептік мәндерді қабылдағанда, далалық және зертханалық сынақтаудың нәтижелерін салыстыра отырып, айырмашылығын ескерген жөн.

5.4.2 Есептеу әдісі

5.4.2.1 (1)Р Жобадағы есептеулер ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 және СН РК EN 1997-1:2004/2011 айырықша ережелерінің талаптарына сәйкес жүргізулері тиісті. Жобадағы есептеулер құрамында:

- әсерлерді қосымша жүктеме немесе бағытталған ығысуретінде қарастыру, мысалы, негіздің топырақтарының ығысуымен;

- топырақтың, тау жыныстарының немесе басқа материалдардың қасиеттері;
- геометриялық мәліметтер;
- деформацияның, жарықтардың ашылуының, дірілдеудің шекті шамалары;
- есептік модельдер.

(2) Топырақтың күйі жайында мәліметтер геотехникалық ізденістердің көлемі мен сапасына байланысты екенін ескеру қажет. Мұндай мәліметтер мен жұмыстың орындалуын қадағалау әдетте есептік модельдердің дұрыстығы мен жеке коэффициенттерге қарағанда, фундаментальді талаптардың орындалғаны маңызды.

(3)Р Есептік модель қарастырылып отырған шекті күйдегі негіздің жұмысын көрсету қажет.

(4)Р Нақты шекті күйге тұрақты есептік модельдің болмаған жағдайында, есепті басқа шекті күйге, әртүрлі коэффициенттерді пайдалана отырып, нақты шекті күйге жеті мүмкін болмағанға дейін жүргізу қажет. Немесе басқа жолмен – экспериментальді модельдерді қолдана отырып нұсқаумен, жүктемелермен сынақтай отырып жобалау.

(5) Есептік модельдердің түрлері:

- аналитикалық;
- жартылай эмперикалық;
- сандық.

(6)Р Қандай болмасын есептік модель тура немесе қателікті сенімділік жағына қарай беруі тиісті.

(7) Есептік модель жеңілдетіп алады.

(8) Қажет жағдайда қолданылған модельдің нәтижелерін өзгердуге болады, бірақ жобаның есептері тұрыс болуы тиіс немесе қателікті сенімділік жағына қарай керек.

(9) Егерде нәтижелерді модификациялау кезінде модельдік коэффициенттер қолданылатын болса, ол келесі шарттарды ескеруі қажет:

- осы әдіспен алынған нәтижелердің белгісіздік жиілігі;
- осы әдіске байланысты кезкелген белгілі жүйелі қателер.

(10)Р Егерде есепте эмпериялық тәуелділік пайдаланса, оның осы топырақтық күйге сәйкестігі анық болуы керек.

(11) Топырақтың шектік күйі мен оның заңдары есептік үлгі арқылы жеңіл арықталуы тиісті. Шектік күйдің екінші тобы бойынша, деформациялар 2.4.8. буынымен есептеу арқылы немесе басқа да әдістермен анықталуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ Көптеген есептік модельдер «негіз-имарат» жүйесінің майысқақтығының жорамалына негізделген. Майысқақтықтың болмауы көпқайтара қирайтын шектік күйге әкелуі мүмкін.

(12)Негіздер мен имараттың шектік күйдегі бірлесе әрекеттенуі немесе деформацияларының үйлесімділігін ескеретін сандық модельдер де жарайды.

(13) Шектік күйдегі деформациялардың үйлесімділігін ескеру қажет. Конструктивті элементтер мен негіздің бір мезетте қирауы мүмкін жағдайда имарат пен негіздің қатандығын ескеретін нақтылы есептеулер қажет болады. Мысал ретінде іргетастық тақта, көлденң жүктелген қада және майысқақ тіреуіш қабырға бола алады. Деформация кезінде сынғақ немесе шашылмалы материалдардың бірігіп деформациялануына аса көңіл бөлу қажет.

5.4.2.2 (1)РНегізге түсетін әсерлер ҚР ҚН EN 1990:2002. талаптарына сәйкес анықталады. Қажет жағдайда әсерлердің шамасын анықтауға ҚР ҚН EN 1991 пайдалануға болады.

(2)Р Геотехникалық әсерлердің параметрлерінің мәндерін, егер олар анық болған жағдайда, есептеуге дейін қабылдау қажет, өйткені олар есептеу кезінде өзгеруі мүмкін.

ЕСКЕРТУ Геотехникалық әсерлердің параметрлерінің мәндері есептеу кезінде өзгеруі мүмкін. Мұндай жағдайда олар алғашқы жақын шамалар ретінде өінің берілген мәнімен кіреді.

(3)Р Жобада қабылданған әсерлерді анықтағанда имарат пен негіздің өзара әрекеттесуін ескеру қажет.

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

5.4.2.3 Бекітілген негізді трансверсальді-изотропты орта ретінде қарау керек және шекті күйдің екі тобамен: қауіпті шектік күй және пайдалануға жарамдылығы бойынша шектік күймен де есептеу қажет.

5.4.2.4 Қауіпті шектік күйдің түрлері ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 анықталған.

(1)Р Қажет жағдайда келесі шектік күйлерде де тексереді:

- имараттар мен негіздер тепетеңдігін жоғалтуы, мұнда екеуі қатты дене ретінде қаралып, конструктивтік материалдар мен негіздің топырағының беріктігі жеткілікті кедергіні қамтамасыз ете алмауынан (EQU);

- имараттың немесе конструктивтік элементтің(інгетастың, қаданың, жертөле қабырғасының және т.б.) ішінен қирауы немесе деформацияның асып кетуі, бұл жағдайда конструктивтік материалдардың беріктігі кедергіні қамтамасыз ету үшін өте қажетті(STR);

- негіздің қирауы немесе деформациясының артық асып кетуі, бұл жағдайда топырақтың немесе тау жынысының беріктігікедергіні қамтамасыз ету үшін өте қажетті(GEO);

- негіздің су қысымының көбейуінен немесе басқа да тік әсерлердің себептерінен имарат немесе негіздің тепе-теңдікті жоғалтуы(UPL);

- гидравликалық градиенттің пайда болуымен байланысты негіздегі гидравликалық көтерілу, ішкі эрозия және топырақта шөкпелі ойықтардың пайда болуы(HYD).

ЕСКЕРТУ GEO шектік күйі іргетастың немесе тірегінш имараттың өлшемін тағайындау кезінде, кейде конструктивтік элементтердің беріктігіне байланысты қауіпті болып саналады.

(2)Р Ұзақ немесе қысқа мерзімді жағдайларда А қосымшада көрсетілген жеке коэффициенттерді қолдану керек.

ЕСКЕРТУ Жеке коэффициенттердің мәндері ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелеріне берілген ұлттық қосымшаларда қабылданған.

(3) Қауіпті жағдайдағы әсерлердің немесе әсерлердің зардаптарын ескеретін жеке коэффициенттің мәні 1,0-ге тең қабылдануы тиісті. Кедергіге қатысты барлық жеке коэффициенттердің мәні нақты қауіпті жағдайды ескере отырып алынады.

ЕСКЕРТУ Жеке коэффициенттердің мәндері ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 Бөлім. Жалпы ережелеріне берілген ұлттық қосымшаларда қабылданған.

5.4.2.5Жоғарыда келтірілген шектік күйлердің ең негізгісі болып негіздің қирауы немесе деформациясының артық асып кетуі болып саналады(GEO).

(1)Рконструктивтік элементтердің немесе негіздің қирауы немесе деформациясының артық асып кетуінің шекті күйін қарастырғанда (STR және GEO) тексеруді қажет ететіндер:

$$E_d \leq R_d. \quad (10)$$

мұндағы: E_d – әсердің есептік нәтижесі, келесі формуламен анықталады

$$E_d = E(\gamma_F F_{rep}; X_k / \gamma_M; a_d) \quad (11)$$

немесе

$$E_d = \gamma_E E\{F_{rep}; X_k / \gamma_M; a_d\} \quad (12)$$

Жеке коэффициенттерді F_{rep} әсеріне немесе осы әсердің нәтижесіне E және ҚР ҚН ЕН 1997-1:2004/2011 құжатында А.3.1(1)Р және А.3.2(1)Р анықталады.

ЕСКЕРТУ Жеке коэффициенттердің мәні ұлттық қосымшаларда, А.3 және А.4 кестелерінде берілген.

R_d - есептік кедергі келесі формуламен анықталады

$$R_d = R(\gamma_F F_{rep}; X_k / \gamma_M; a_d) \quad (13)$$

немесе

$$R_d = R\{\gamma_F F_{rep}; X_k; a_d\} / \gamma_R, \quad (14)$$

немесе

$$R_d = R\{\gamma_F F_{rep}; X_k / \gamma_M; a_d\} / \gamma_R. \quad (15)$$

Жеке коэффициенттерді топырақтың X параметріне немесе R кедергісіне қолдануға болады.

ЕСКЕРТУ Жобалау тәртіп бойынша, әсерлердің нәтижесі коэффициентермен түзетілгенде, әсердің жеке коэффициенті $\gamma_F = 1,0$ тең қабылданады.

2(Р)ҚР ҚН ЕН 1997-1:2004/2011 құжатта А.3.3.1(1)Р, А.3.3.4(1)Р, А.3.3.6(1)Р кетірілген жеке коэффициенттер (5.2а, b и с) формулаларда қолданылады..

5.4.2.6 Топырақты массивті, жоғары сығылымдық кернеуді қабылдай алатын, химиялық элементтермен күшейтуде бекітілген топырақты, ұзындығы топырақтың сығылмалы қабатының мөлшерінде қабылданатын, қадалар тәрізді тік арматуралық элементтерді қолдану қажет (10 сурет).

5.4.2.7 Бекітілген топырақты қаданың алдынала саны және олардың ұзындығын келесі формуламен анықтаймыз:

$$\frac{N_d}{n} \leq \frac{F_d}{\gamma_q} \quad (16)$$

мұндағы N_d - есептік әсер, кН;


n - бекітілген топырақты қаданың саны;

γ_q - топырақтың тұрақтылық коэффициенті;

F_d - бекітілген массивтің топырағының (материалдың) көтеру қабілеттілігі, кН

Топырағы инъекциялы күшейтумен бекітілген массивтің топырағының көтеру қабілеттілігін ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 құжатындағы 7.5 буынында нұсқауларымен статикалық сынақтаудың мәліметтеріне қарай анықтау қажет.

5.4.2.8 Құралдағы 5.1 п.5.4.5 шарттарды тексеру ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 құжатының талаптарына сәйкес орындалады..



1 – әлсіз топырақ; 2 – бекітілген топырақты қада; 3 – іргетас

10 сурет - Топырақты-силикатты қадалармен бекітілген негіздерді есептеуге арналған үлгі

5.4.2.9 Негізді есептеудің шарттары бойынша шекті күйдегі негіздің қирауы немесе конструктивтік элементтің немесе оның көлденең қимасының деформациясының артық асып кетуі (GEO) келесі шектеулермен тексереді:

$$\alpha R_2 + (1 - \alpha) R_1 \geq P \quad (17)$$

$$S_{ap} \leq S_u \quad (18)$$

мұндағы $\alpha = V_k / V_{гр}$ - бекітілген топырақты қаданың бекітілетін көлемдегі үлесін сипаттайтын коэффициент (V_k - бекітілген топырақты қадалар, $V_{гр}$ - топырақтың көлемі);

R_1 - іргетас табанындағы бекітілмеген топырақтың есептік кедергісі, кПа;

R_2 - бекітілген топырақтың есептік кедергісі, кПа;

P - іргетастың табанындағы топырақтың орташа қысымы, кПа;

S_{ap} - негіздің бекітілген бөлігінің шөгуі;

S_u - имарат пен негіздің үйлесімді деформациясының шектік мәні.

5.4.2.10 Негіздің бекітілген бөлігінің шөгуі (S_{ap}) әрқабатты қосындылау әдісімен келесі формуламен есептеледі:

$$S_{ap} = \sum_{i=1}^n \frac{\sigma_{zp,i} * h_i}{E_3} \quad (19)$$

мұндағы h_i - бекітілген негіздің сығылу аймағындағы топырақтың i -ді қабатының есептік қалыңдығы, шарт бойынша $h_i = 0,2b$ (b -іргетас ені), м;

n –бекітілетін топырақ орналасқан сығылмалы аумақтағы қабаттардың саны;

$\sigma_{zp,i}$ - қосалқа тік кернеудің әр i -лі арматураланған қабаттағы орташа мәні, ол іргетастың астынан өтетін әр қабаттың жоғырғы (Z_{i-1}) және төменгі (Z_i) шекараларындағы кернеудің жарты бөлігіне тең, кПа;

E_3 - бекітілген топырақтың топырақ беттеріне перпедикуляр бағытындағы деформация мөділі, кПа.

5.4.2.11 Тік бұрышты іргетастың табанандағы қосымша тік кернеу (σ_{zp}) келесі (12) формуламен анықталады:

$$\sigma_{zp} = \frac{P_0}{2\pi(1 - \sqrt{B})} \left\{ \arctg \frac{(y - l_1)(x - b_1)}{z\sqrt{(y - l_1)^2 + (y - b_1)^2 + z^2}} - \arctg \frac{(y + l_1)(x - b_1)}{z\sqrt{(y + l_1)^2 + (y - b_1)^2 + z^2}} + \arctg \frac{(y + l_1)(x + b_1)}{z\sqrt{(y + l_1)^2 + (y + b_1)^2 + z^2}} \right\} \quad (20)$$

мұндағы $P_0 = P - \sigma_{zg,o}$ - негіздегі қосымша тік кернеу (іргетастың іні $b \geq 10$ м болғанда $P_0 = P$), кПа;

$\sigma_{zg,o}$ -іргетастың табаны деңгейіндегі топырақтың өз салмағынан болатын тік кернеу, кПа;

β - бекітілген топырақтағы анизотропиялық дәрежені ескеретін коэффициент.

$$\beta = \frac{E_3}{E} \quad (21)$$

мұндағы E -көлденең бағыттағы деформация мөділі, кПа.

5.4.2.12 Деформативтік сипаттамаларды (E , E_3) экспериментпен анықтап, сынақтаудың мәліметтері болмаған жағдайда – келесі формуламен анықтауға болады:

$$E_3 = \alpha * E_{ap} + (1 - \alpha) E_{rp} \quad (22)$$

$$\frac{1}{E} = \frac{\alpha}{E_{sp}} + \frac{1 - \alpha}{E_{rp}}, \quad (23)$$

мұндағы E_{rp} , E_{3r} - топырақтың бекітілуге дейінгі және одан кейінгі деформациялық мөділі, кПа.

5.4.2.13 Арматуралаушы элементтерді жарылуға және сырғымаға (үйкеліске) кедергіге тексеруге, және де арматуралаушы элементтің ұзындығын түзулеуді келесі формуламен анықтайды:

$$\frac{T_{1(2)}}{A_1} \leq R_s \quad (24)$$

$$T_1 = 2dtg\varphi_i(\sigma_{zg}N + \int_0^N \sigma_{zp}dx) \quad (25)$$

$$T_2 = 2dtg\varphi_i(\sigma_{zg}M + \int_0^M \sigma_{zp}dx) \quad (26)$$

мұндағы $N = 0,5L_1$; $M = 0,5L_2$;

T_1, T_2 - бойлық және көлденең арматуралаушы элементтегі созылу күші, кН, формуламен анықталады;

A_1 - бекітілген топырақты қаданың көлденең қимасының ауданы, m^2 ;

R_s - бекітілген топырақты қаданың созылуға қарсы есептік кедергісі, кПа;

σ_{zg} - бекітілген топырақты қаданың деңгейіндегі топырақтың өз салмағынан түсетін тік кернеу, кПа, формуламен анықталады:

$$\sigma_{zg} = \gamma' d + \sum_{i=1}^n \gamma_i h_i , \quad (27)$$

мұндағы d –іргетастың табанының орналасу тереңдігі, м;

γ' - іргетастың табанынан жоғары жатқан топырақтың мешікті салмағы, кН/м³;

γ_i - бекітілген топырақтың i - лі қабатының мешікті салмағы, кН/м³;

h_i - бекітілген топырақтың i - лі қабатының есептік қалыңдығы, м.

6 НЕГІЗДЕРДІ ХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРМЕН КҮШЕЙТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

6.1 Химиялық материалдар талаптар

6.1.1 Екі ерітінді силикаттауда топыраққа кезегімен екі суаралас ерітінділерді енгізеді: натрий силикаты (бекіткіш) ерітіндісі және хлорлы кальций (қатырғыш) ерітіндісі.

6.1.2 Натрий силикаты ерітіндісінің тығыздығын (г/см³) топырақтың сүзгі коэффициентіне (м/сут) байланысты тағайындайды.

Сүзгі коэффициенті 5-10 болғандағы ерітіндінің тығыздығы 1,35 - 1,38

»» 10 - 20 » 1,38 - 1,41

»» 20 - 80 »» 1,41 - 1,41

Хлорлы кальций ерітіндісінің тығыздығы 1,26 - 1,28 г/см³ және рН 5,5-тен кем болмауы тиісті. Сусыз хлорлы кальцийдің тығыздығы 28 - 30 % молшердегі қойырлық сәйкес келеді.

6.1.3 Біреретінді екі компонентті силикаттау мен шайырлау кезінде негізгі бекіткіш материалдар ретінде натрий силикаты және карбомидті шайыр қолданса, қатырғыш немесе қоспа ретінде - хлорлы кальций, тұзды, қымыздықты және кремнефтор - сутекті қышқыл, көмірқышқыл газ, натрий алюминаты, азоттықышқыл аммоний, сульфатты-спирт қоспасы, ортофосфорлы қышқыл, формаид, этилацетат, Петров біріктіргішіжәне тағы басқалар пайдаланылады.

6.1.4 Силикаттау мен шайырлауға қолданылатын ерітінді-бекіткіштер келесі талаптарға сәйкес болулары тиісті:

- натрий силикатының мөділі 2,7-3 және тығыздығы құм топырақтар үшін 1,2 - 1,45 г/см³, ал шөккіш топырақтарды бекітуде 1,13 - 1,2 г/см³ болуы тиісті;

- карбомидті шайырдың тығыздығы 1,08 - 1,18 г/см³ болуы керек.

6.1.4.1 Топырықты бекітудің силикаттау және шайырлау тәсілдерінде қолданылатын техникалық талаптар мен шарттарға сәйкес келетін химиялық материалдардың осы құралда К қосымшасында берілген.

6.1.5 Шөккіш саздақ топырақтарды бекіту 2.4.п. сәйкес біріретінді біркомпонентті силикаттау әдісімен натрий силикаты ерітіндісінің көмегімен жасалады.

6.1.6 Қазіргі уақытта құм және шөккіш саздақ топырақтарды бекіту үшін бір-бірімен айырмашылығы бар газбен силикаттау тәсілі 4-5 кестеде көрсетілген.

6.1.7 Топырақты силикаттау тәсілімен бекітуде қолданылатын химиялық материалдар натрий силикаты (сұйық әйнек), хлорлы кальций, ортофосфорлы қышқыл, кремнефтор - сутекті қышқыл, натрий алюминаты, формаид, этилацетат, Петров біріктіргіші және тағы басқалар істегі стандарттардың техникалық талаптарына және шарттарына сәйкес болуы тиісті.

6.2 Негізді бекітудің технологиялық тәртібі

6.2.1 Топырақты инъекциялы химиялық бекітудің барлық тәсілдерінде келесі жұмыстар орындалады:

- дайындық және қосалқы жұмыстар, бекіткіш ерітіндіні дайындауды қоса алғанда;
- инъекторларды топыраққа енгізу және бұрғылау жұмыстары, инъекциялық ұңғыларды дайындаумен бірге;
- топыраққа бекіткіш реагенттерді енгізу;
- инъекторларды суырып алу және ұңғыларды жабу;
- бекітудің сапасын бақылау жұмыстары.

Дайындық және қосалқы жұмыстар

6.2.2 Негізгі жұмыстар басталмай тұрып алаңда дайындық және қосалқы жұмыстары жүргізіледі. Дайындық жұмыстары кезеңінде орындалатын жұмыстар:

- территорияны дайындау және тегістеу;
- электр қуатын, сұқбырын, қажетті жағдайда бұқбырын, канализацияны тарту;
- апатты конструкцияларды құламас үшін бекітіп қою;
- қажет жағдайда іргетастың шөгуін құралдармен бақылау;
- бекітудің жұмыс барысын және сапасын қамтамасыз ететін басқа да шараларды ескеру.

Дайындық жұмыстарының құрамы мен көлемі жобада көрсетіледі.

6.2.3 Келесі кезеңдегі орындалатын қосалқы жұмыстар:

- құрылыс алаңында химиялық реагенттер мен материалдарды орналастыру, олардың дұрыс жинауын және сақтауын қамтамасыз ету;
- қондырғылар мен қосылатын коммуникацияларды жинақтау, оларды электр жүйесіне, су құбырына және ыстық суға қосу, қыс мезгілінде су және ерітінді таситын магистралдарды жылылау;
- бекітетін топырақтың көлемі 10 мың м³ көп болған жағдайда, ерітінді дайындауға тұрақты торап орнату;
- инъекторлар мен инъекциялық ұңғыларды бұрғылау орындарын белгілеу;
- жұмыстың қауіпсіздігін электр бақылау және басқа да жерасты коммуникацияларға жауап беретін өкілдермен келістіру;

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

- бекіткіш ерітінділердің жұмыстық қойырлығын дайындау;
- жобаға сәйкес топырақты бекітудің сынақтау жұмыстарын жүргізу.

6.2.4 Инъекторларды, инъекциялық және бақылау ұңғыларының орналасу орнын белгілеу имараттың негізгі өсімен, ± 5 см шартты ауытқумен, жүргізілуі тиісті.

6.2.5 Топырақты силикаттау және шайырлауға қажетті ерітінділерді дайындайтын ыдыстардың саны мен көлемі жұмысты үзіліссіз жүргізуді қамтамасыз етуі тиісті. Ыдыстар ерітінділерді қыздыру және араластырғыш қондырғыларымен жабдықталуы қажет.

Қышқылдарға арналған ыдыстардың ішкі жағы қышқылдың әсерінен қорғалуы тиісті. Пластмасс ыдыстарды да қолдануға болады.

Ерітінділерді дайындау үшін $40 - 60 \text{ м}^3$ көлемдегі теміржол цистерналары қолдануы мүмкін.

6.2.6 Құрылыс алаңында дайындалған химиялық ерітінділердің сапасын бақылау үшін келесі өлшегіш құралдардың болуы қажет:

- өлшемі 1°C тұратын, $0 - 100^\circ\text{C}$ дейін көрсететін термометр;
- сыйымдылығы $250 - 500 \text{ мл}$ ерітінді тексеретін әйнек өлшегіш цилиндр;
- өлшемі $0,001 \text{ г/см}^3$, өлшем жиілігі $1,01 - 1,50 \text{ г/см}^3$ құрайтын, ерітіндінің тығыздығын анықтайтын ареометр.

6.2.7 Химиялық ерітінділердің жұмыстық қойырлығы ерітіндінің бастапқы қойырлығын таза сумен араластыра отырып жобадағы тығыздыққа жеткеседі. Дайындалған ерітіндіні енгізбес бұрын 1-3 сағат мөлшерінде тұндырып барып, жұмыс ыдысына аударған жөн.

Инъекторлардың конструкциялары


6.2.8 Инъекторлар топыраққа әртүрлі тәсілдермен кінгізілетін, сол арқылы топыраққа қысыммен бекітілетін реагенттер енгізілетін арнайы құрал. Барлық тәсілдер үшін инъекторлар топырақты инъекциялы бекітудегі қондырғылардың жауапты элемент болып саналады.

6.2.9 Қазіргі уақытта инъекциялы химиялық бекіту тәжірибесінде кеңінен қолданылатын үш түрлі конструкциясы бар:

- қағылмалы, құм топырақты силикаттау және шайырлауға қолданылатын бірдей қималы (11 және 15 сурет) және шөккіш саздақ топырақты силикаттауға арналған ауыспалы қимадағы (16 сурет) инъекторлар

- инъектор-тампондар, шөккіш саздақ топырақтарды үлкен тереңдікке силикаттауға және топырақты инъекциялық ұңғылар арқылы цементтеуге арналған (17 және 18 сурет);


- манжетті-тампонды инъекторлар (19 және 20 сурет), өте күрделі геологиялық және гидрогеологиялық жағдайда топырақты ұңғыма арқылы бекітуге арналған. Инъекторлардың сипаттамалары С қосымшада көрсетілген.



1 - ұштама; 2 - тесілген буын; 3-жалғағыш ниппель; 4-тұйық буын; 5 - басқыр; 6 - басқырдың ниппелі; 7 - қысатын бұранда; 8 - шүмек; 9 – қамыт; 10 - бітеуіш; 11 – құбыршек.


11 сурет- Құмды топырақтарды силикаттау және шайырлауға арналан қағылмалы иньектордың конструкциясының жалпы көрінісі

6.2.10Топырақты технологиялық қазылымдар арқылы көлбеулеп сығып кіргізу бекіту технологиясында манжетті - тампон иньекторының бірнеше өзгертілген, конструкциясы топыраққа түтік тіреуіштерін құрсауға құйатын ерітіндісіз кіргізуге ыңғайластырылған нұсқасы қолданылады.



А— резеңке қақпақтарымен; Б— резеңке сақиналарымен


12 сурет—Құмды топырақтарды силикаттау және шайырлауға арналған қағылмалы иньектордың конструкциясы. Тесілген буындар



1 - ұштама; 2 - тесілген буын; 3-өтпелі ниппель; 4-тұйық буын; 5 - тұйық буындарды қосу үшін ниппель


13 сурет–Шөккіш саздақ топырақтарды силикаттауға арналған ауыспалы қимадағы қағып кіргізілетін инъектордың конструкциясы

6.2.11 Құмды топырақтарды бекіту үшін қағып кіргізілетін инъектор ұштамада, басқырдын, түтіктің тұйық буынды бағанасынан, тесілген буыннан және жалғағыш бөліктерден тұрады. Инъекторды орнату кезінде жанында ықшамдалған басқырды уақытша орнатады. Инъектордың тұйық түтікті тіреуіштерін буындарының ұзындығы 1-1,5 м соңындағы ішкі метрикалық бұрандасының ұзындығы 35 мм болатын бағаналар құрайды. Түтік буындары ниппельмен сабақтастырылады. Инъектордың тесілген буынның ұзындығы әдетте 0,5-1,5 м және саңылау диаметрі 2-3 мм- болады.




1 - бітеуіш; 2 - бұранда; 3 - епелек ; 4 - жалғастырғыш; 5 - штуцер; 6 - ерітінді үшін құбыршек; 7 - ауа үшін құбыршек; 8, 9 - қамыт; 10 - аралық төсем; 11 - штуцер; 12 - жоғарғы қақпақ; 13 –тығыздағыш сақина; 14 - жоғарғы жалғастырғыш тірек ; 15 - вулканизацияланған резеңкеден манжет; 16 - түтік; 17 - тесілген түтік ; 18 - төменгі жалғастырғыш тірек

14сурет–Пневматикалық инъектор-тампондар: бір қабатты (А) және екі қабатты (Б), ИТП



1-6-шы тесілген бөлігімен манжетті тығын; 2 - ұңғының торы ; 5 - 3-ші саңылаулармен және 4-ші резеңке сақиналарымен түтіккі тіреуіштер ; 7 –құрсаулауға арналған саз-цементті ерітінді

15 сурет- Манжетті-тампонды инъекторының үлгісі



а- төрт манжетті; б- екі манжетті саңылаулы; в- екі манжетті; 1 - ойырмадағы ниппель; 2, 3-резеңке немесе былғары манжеттер; 4 - тесілген бөлік; 5 – бітеуіш

16 сурет- Манжетті тампонның құрылысы

Инъекторларды батыру және суырып алу, инъекциялық ұңғыларды бұрғылау және орнату

6.2.12 Инъекторларды топыраққа бекіткіш реагенттерді ендіру үшін батыру қағу, бастырмалау және алдана бұрғыланған инъекциялы ұңғыларға орналастыру арқылы жүргізіледі. Инъекторды батыру тәсілі топырақтың түріне, территорияның жағдайына және бекіту тереңдігіне байланысты. Инъекторды топыраққа батыру жобамен бекітіледі.

6.2.13 Инъекторларды топыраққа қағып батыру құм топырақтарды силикаттау және шайырлауда, және де шөккіш саздақ топырақты 15 м –ге дейінгі тереңдікке бекітуде қолданылады.

Инъекторларды топыраққа бастырмалап батыру тәсілі көбінесе бұрын тұрғызылған имараттардың табанындағы топарақтарды арнайы технологиялық ойықтар арқылы көлбеу технологиясын қолдана отырып бекітуге арналған (2 сурет).


Инъектор-тампондарды инъекциялы ұңғыларға орнату шөккіш саздақ топырақты 15 м –ден аса тереңдікке бекітуде қолданылады.

ЕСКЕРТУ шөккіш саздақ топырақты 15 м –ден аса тереңдікке бекітуде инъекторлар алдына дайындалған ұңғыларға қағылуы мүмкін.

6.2.14 Инъекторларды батыру үшін Q қосымшада сипаттамалары берілген соқпалы құралдар мен компрессорды қолданады. Батыру жобада көрсетілген ретімен алымдарда жүргізіледі. Батырылу қиындаған жағдайда ағашында ұңғылап жіберу қажет.

Инъекторларды іргетастың темірбетон тақтасынан, еденнен және басқа да өткізгенде алдана ұңғыларды бұрғылайды.

Тас топырақтарда бұрғылағаннан соң ұңғыларды сумен шайады немесе қысымды ауамен үрлейді.



1 - ұңғыманың қабырғалары; 2 - бекітуші ерітіндіні беруі үшін арналған құбыршек; 3 – инъектор-тампон ; 4- екі енбемен бекітілген топырақымассив

17 сурет- Ұңғымаарқылы шөккіш саздақ топырақтардың силикаттаудың технологиялық үлгісі

6.2.15 Топырақты алдынала дайындалған инъекциялық ұңғылар арқылы бекіту бұрғылау қондырғыларының көмегімен орындалады.

Инъекциялық ұңғылар тік орналасуы қажет, қабырғасында жарықтар мен жырытылулар болмауы керек. Бұрғылау біткеннен соң ұңғыларды жобалық тереңдікке дейін тазалап, аузын ағаш тығынмен бекітіп қою керек. Бұрғылау кезіндегі артық топырақты қажетті мөлшерде қайта жабуға есеппен алып қалады.

6.2.16 Қысымдау кезінде ерітінді кері шығып кетпеуі үшін ұңғыларды арасын екі диаметрден алшақтау бұрғылайды. Бірінші кезектегі ұңғыларды қысымдап болғаннан соң екінші кезектігі ұңғыларды бұрғылап, қысымдайды.

6.2.17 Топырақтың қуыстары мен жарықтарының бітеліп қалуы қабылданған тәсілге және бұрғылау қондырғыларына байланысты. Мысалы, алмас бұрысы бар қондырылар жарықтарды аздау бітейді. Соққылап бұрылау жарықтарды кбірек толтырып тастайды кбінесе цементтеуде қолданылады. Сазды балшықты қолданып бұрылау тас топырақтарда қолдануға болмайды, құм-шыйыршық тасты топырақтарда инъекциялық тәсілмен ерітіндіні томпанаждау арқылы енгізуде қолданылады.

6.2.18 Ұңғымы арасындағы шекті ауытқу жобалық қашықтыққа байланысты. Жалпы алғанда, шекті ауытқулар инженерлік есеппен бұрғылаудың техникалық мүмкіндіктеріне байланысты жобамен беріледі.

Бекітуші реагенттерді топыраққа қысымдау

6.2.19 Топырақты силикаттау және шайырлау кезінде бекіткіш химиялық ерітінділерді және қоспаларды қысымдау үшін сорғыштар пневматикалық ыдыстар немесе араластырғыш қондырғылардың базасында орнатылғаныдыстыр қолданылады. Соңғысы ерітіндінің тығыздығын және шығынын реттеп, үзіліссіз дайында және қысымдап отыруға мүмкіндік береді.

Қолданылатын қондырылар қысымдауға қажетті рәсімді (ерітінді шығынының уақытқы қырай жайлап көтерілуін) қамтамасыз етуі керек. Қысымдау рәсімі сынықтық жұмыстар кезінде анықталады.

6.2.20 Қысымдауға қолданылатын қондырғылар бақылап-өлшегіш құралдарымен жабдықталуы қажет:


- жай немесе электронды, қысымы 0,6 – 1 МПа беретін, өлшемі 0,01 МПа бөлінген монометрлер;

- ерітінді шығынын есептегіш, өлшем ауытқуы $\pm 2\%$ дейін және $0,005 \text{ м}^3$;

- сағат немесе секундпен өлшегіш.


Ерітіндіні жеткізетін құбыршек 0,6 - 1 МПа жұмыс қысымға есептеліп, 20 - 25мм өтіс жолы болуы тиісті.

6.2.21 Реагенттерді инъектор (ұңғыма) арқылы қысымдау жеке өтістерменен жобада көрсетілген көлеммен және технологиялық ретімен жүргізіледі. Суөткізгіштігі жағынан біркелкі топырақтарда қысымдау ернеуінен тереңге немесе терңнен ернеуіне қарай орындалады. Суөткізгіштігі жағынан біркелкі емес топырақтарда суөткізгіштігі үлкен қабатты бірінші кезекте бекітеді. Реагенттердің көлемі және оның сипаттамасы, инъекцияның параметрлері, ұңғыманың диаметрі жобалаушы мекемемен сынақтық бекітудің нәтижесімен өзгеруі мүмкін.



1 - пневмобак ; 2 - сорғы ; 3-мөлшерлеуагрегаты; 4 –ыдыс ерітіндісімен; 5 - араластырғыш; 6 - үлестіруші ; 7 - жұмсалғандысанауыштар ; 8 – инъекторлар


**18 сурет - Бекітуші ерітінділерді
топырақтарға қысымдаудың технологияны күлгісі
- а– пневмобакті, б – сорғыны, в- мөлшерлегіш қондырғыны қолданып**



1 - инъекторларға ерітіндінің беру үшін бұрандалы түтік; 2 –ыдысты тексеру және тазалауы үшін люк; 3 - сығымдалған ауаның беру үшін бұрандасы бар түтік; 4 –қысымды реттеуші бұранда; 5 манометр; 6 - сақтандырғыш тығын; 7 - ерітінділердің құюы үшін бұрандалы түтік; 8 - ыдыстың тұрқысы ; 9 - жұмсаудың шкаласы; 10-су өлшегіш шыны; 11 - ерітінділер сынама алу үшін бұрандалы түтік; 12 – шана

19сурет–Бекітуші ерітінділерді топырақтарғақысымдауға қажетті пневматикалық қондырғының үлгісі

6.2.22Химиялық реагенттерді топыраққа негізбес бұрын инъекторлар сумен жуылып немесе ауамен қысыммен үрленіп тұруы қажет.Инъекторға жіберілетін судың көлемі оның тесіктелген бөлігіндегі реагенттердің қалдықтарынан тазалауға жетуі тиісті.



1 –шығынды реттеуші шүмек; 2–шығын өлшегіш; 3 - манометр; 4- май толырылған сифон; 5 - тіреуіш; 6- қысымды құбыршек


20сурет–Топыраққа химиялық реагенттерді қысымдауға қолданылатын жылжымалы таратқыш

6.2.23 Біртұтас массивтердегі топырақты екіерітінділі силикаттау кезінде сұйық әйнек және хлорлы кальций қатарларымен, бір қатардан алмасып қысымдалады. Хлорлы кальций ерітіндісін сұйық әйнектен соң тез арада қысымдау қажет. Хлорлы кальций мен сұйық әйнекерітінділерін қысымдау араларындағы үзіліс 10-кестедегі уақыттан көп болмауы тиісті.

10 кесте – Хлорлы кальций мен сұйық әйнекерітінділерін қысымдау араларындағы технологиялық үзіліс


Топырақ суларының жылдамдығы, м/күн	Үзіліс, сағ.	Топырақ суларының жылдамдығы, м/күн	Үзіліс, сағ.
0	24	1,5	2
0,5	6	3	1
ЕСКЕРТУ Топырақ суларының жылдамдығыарасындағы өлшемде үзіліс ұзақтығы интерполяциямен анықталады.			

Құм топырақты екіерітінділі тәсілмен силикаттауда әр ерітінді жеке сорғышпен қысымдалады. Ерітінділердің ыдысты, құбыршекте, сорғышта және инжекторда араласуына болмайды. Сұйық әйнекте қолданылған қондырғылар хлорлы кальцийгн пайдаланар алдында ыстық сумен мұқият шайылуы тиісті.



1- автоцистерна; 2- бастапқы қойырлықты қатайтқыштың ыдысы; 3- қатайтқыштың жұмыстық қойырлығының ыдысы; 4 – қатайтқышты араластырғыш; 5- гельқұрағыш қоспаның ыдысы; 6 – топыраққа бекіткіш ерітінділерді қысымдайтын сорғыш; 7 – бекіткішті араластырғыш; 8 - бекіткіштің жұмыстық қойырлығының ыдысы; 9 – ерітінділерді жеткізетін сорғыштар; 10 - бастапқы қойырлықты бекіткіштің ыдысы; 11 –ерітінділерді қысымды ауамен араластыратын компрессор; 12 – бекіткіштерді сақтайтын орын.

21сурет–Топырақты бірерітінділі екікомпонентті силикаттау және шайырлаудағы гельқұрағыш қоспасын дайындаудың технологиялық үлгісі



1 – едендік таразы; 2 – көмірқышқылды газ баллоны; 3 - редуктор; 4 – электрмен жылытқыш элемент; 5 – шүмек; 6 – қаңқа; 7 – электрайырғыш толтырылғы; 8 – оралым; 9 – жалғағыш; 10 - инъектор

22 сурет–Газды силикаттау кезінде көмірқышқыл газды топыраққа электржылытқыш элементті қолданып қысымдау үлгісі

6.2.24 Массивті тұтас бекіту кезінде топырақты біріретінділі силикаттау және шайырлау тәсілінде бекітетін реагенттерді ретімен орналасқан инъекторлардың қатарымен қысымдайды. Реагентті қысымдау қатарында бір инъекторды аттап, екі кезекпен жүргізіледі.

6.2.25 Ерітінділерді қысымдау кезіндегі қысымның көрсеткіші жобамен бекітіліп, сынақты бекіту нәтижесімен түзету енгізіледі. Бұрын тұрғызылған имараттардың табанындағы топырақты бекіту кезінде қысым көрсеткіші іргетас астындағы қысымнан артық болмауы тиісті.

6.2.26 Құм топырақтарды біріретінді екікомпонентті силикаттау және шайырлау тәсілімен бекіту кезінде 18 суретте көрсетілген шайырлауға құралған инъекциялық жұмыстың технологиялық үлгісімен жүргізген дұрыс.

6.2.27 Қысымдау кезіндегі бекіткіш химиялық ерітінділердің немесе қоспалардың бір инъекторға шығынының шамасы жобамен бекітіледі және сынақтық бекітулерде

анықталады: қысымдалу үрдісі кезінде сұйық реагенттердің шығыны шығын өлшегіштермен немесе есептегіштермен бақылауда болады.

6.2.28 Жаңа тұрғызылып жатқан гимараттардың астындағы топырағын силикаттау және шайырлаумен бекітукезінде ерітінді қысыммен жер бетіне шығып кетпеуі үшін бекітілетін массивтің бетінен 1 м қалыңдықтағы топырақ қалдырылуы қажет. Кей жағдайда қорғау қабаты ретінде қалыңдығы 10-15 см маркасы 50 –ден кем емес бетонды тақта құйылады. Құйылған тақтада ұңғылырды бұрғылау немесе инъекторларды қағу үшін тесіктер қалдырылады.

6.2.29 Химиялық ерітінділерді қысымдаудың орнықты үрдісі бұзылған жағдайда, қысымдауды тоқтатып, себебін анықтағаннан соң ғана жалғастырады.

Ерітінділерді қысымдау бекіту аймағындағы температура 0 °С төмен болмаған жағдайда ғана жүргізілуі тиісті.

6.2.30 Топырақтың бекітілуінің сапасын қамтамасыз ету үшін бекіту радиусы 0,7 м және ерітіндінің тұтқырлығытөмендету мақсатында ерітіндіге пластификаторлы қоспалар қосады немесе 40-60 °С температураға дейін қыздырады.

6.2.31 Газды силикаттау тәсілінде ерітіндіні қысымдау жобамен бекітіледі және сынықты бекіту кезінде анықталады. Қысымдау реті: көмірқышқылды газ, силикат ерітіндісі және қайтадан газ.

6.2.32 Көмірқышқылды газды топыраққа қысымдау үшін келесі қондырғылар мен бақылап-өлшегіш құралдар қолданылады:

- газ үшін баллондар;
- электржылытқыш элементімен жабдықталғанкөмірқышқылды реттегіш;
- жоғары және төмен қысымды монометр (өлшем бөлігі 0,01 МПа артық емес);
- газдың шығынын есептейтін 150 кг дейінгі таразы;
- ток төмендететін трансформатор, 12В кедергіні қамтамасыз ету үшін;
- диаметрі 12-19 мм, 1 МПа қысымға есептеоген құбыршық.

Көмірқышқылды газды топыраққа қысымдап енгізу бірқалыпты жобада көрсетілген қысыммен немесе топырақты бекітудің сынақтық жұмысы кезінде анықталған ретпен жүргізіледі.

6.2.33 Көмірқышқылды газды, реттегіші бар баллондар таразыға қойылады. Өлшеуден өткеннен соң газ реттегіш өтіп құбыршек арқылы инъекторға немесе инъектор-тампонға жетеді. Реттегіштің мұздап қалмауы үшін жұмыс кезінде электржылытқыш элементтерді пайдаланады. Балонның қысымдауға дейінгі және одан кейінгі салмақтарының айырмасымен газдың шығынын анықтайды.

Газды, топырақты белсендіру үшін қысымдағанда, енгізу қысымы 0,15-0,2 МПа артық болмауы тиісті, ал газды силикатты ерітіндіні қатыру үшін енгізгенде 0,4-0,5 МПа болуа қажет. Газды енгізудің тәртібін бұзған жрғдайда және шекті қысымнан асып кеткенде топырақтың арасында жарықтар пайда болып, бекітудің біртұтастығын бұзады. Силикат пен газдың арасындағы үзіліс 30 мин артық болмауы керек. Бір мезетте газ қысымдалатын инъекторлар немесе ұңғымалардың арасы 6 радиустан кем болмауы тиісті.

6.2.34 Инъекциялы химиялық бекітудің барлық тәсілдерінде қысымдау жүйелеріндегі қысымды жұмыс аяқталғаннан соң біркелкі және жай түсіюу керек. Қысымды бірден түсірген жағдайда, инъектордың тесіктелген басында тығын пайда болып, жұмыс өндірісін қиындатады.

Инъекциялық жұмыстар аяқталғаннан соң инъекторлар топырақтан гидравликалық, тіректі домкраттармен немесе басқа да жүккөтергіштігі 5-10 т құралдармен суырып алынады. Ерітінді сыртқа кері шығып кетпеу үшін, ұңғыманың аузын 8:1 қатынасты топырақты-цемент қомпасымен бекітеді. Жұмыс аяғында ерітіндімен араласқан барлық құралдар ыстық сумен шайылып, қысымды ауамен үрленеді.

6.2.35 Бұрын тұрғызылған имараттардаң табанындағы топырақты силикаттау және шайырлау кезіндегі қосалқы цементтеу $B/C = 1 - 0,8$ қатынастағы ерітіндімен орындалады. Олардың қасиеттерін жақсарту үшін, және де субөлгіштігін максималды арттыру үшін ерітіндіге цемент салмағының 10 % мөлшерінде бентонитті балшық қосады. Цемент маркасы 300 – ден кем болмауы тиісті.

6.2.36 Қысымдап инъекциялау жұмыстарының барлығы жұмысты орындау құжаттарында көрсетілуі міндетті.

6.3 Сапаны бақылау және жұмыстарды қабылдау

6.3.1 топырақты инъекциямен химиялық бекіту жұмысының сапасы, нормативтердің және жобаның тиісті талаптарына жауап беретіні олардың пішіннің бір бөлігінде бекітілуі және бекітілген массив пен тұтастық көлемдері беріктілік көлемінде, деформациялық және басқа бекітілген топырақтардың физикалық-механикалық қасиеттері анықталады:

- бекіту тәсілінің дұрыс таңдалғанымен;
- негізгі химиялық және басқа қолданылатын материалдардың және жұмыста қолданылатын (қайта өңдеген) бекітуші реагенттердің (ерітінділер, гель түзеуші қоспа, газ, цемент) сапалық жобасының талаптарына сәйкес;
- жобаларға дұрыс салыған бекітудің есептік көрсеткіштерінің және жұмыс шығарудың техникалық шарттары;
- соңында, жұмыс шығару кезінде техникалық шарттар және есеп айырысу көрсеткіштерінің сапалы орындалуы.

Топырақты бекіту кезінде нақты сапаны қамтамасыз ету үшін Жұмыс жасау үрдісі тиісті бақылау шаралар жиынтығымен бірге жүруі және міндетті түрде орындаушы құжатты енгізу керек п. 6.2.

6.3.2 Инъекцияны бекіту сапасын бақылау келесі бақылау шараларды орындаумен әжептәуір беріктікті қамтамасыз етеді:

- бастапқы химия және тағы басқа материалдардың сапасын тексерумен;
- жұмыс жасау кезінде жұмыстық бекітуші реагенттердің сапасын операциялық тексеру;
- тәжірибелі тексеру бекітудің есептік көрсеткішін және жұмыс шығаруда техникалық шарттардың жобаларына салыған;
- жұмыс шығаруда бекітудің есептік көрсеткіштері жобаларына және олардың берілген техникалық шарттарына салынған орындалуды бақылау;
- сәйкестікті тексеру жобаның талаптары бекітілген топырақтардың физикалық-механикалық қасиеттерінің сипаттамаларын, сонымен бірге олардың біртектілі бекітілуін;
- жобалық тексеріс пішіндердің және бекітілген массивтердің көлемдері, сонымен бірге бекіту тұтастықтарының өлшемдері;

- сонына, бекітілген топырақтардан салынғанғимараттардың және имараттардың ірге тасын және негіздерін күшейтуде іргетастардың шөгунбақылайтын аспапты геодезиялық бақылау.

Топырақты бекіту жұмыстарының сапасын бақылау іс шаралары жобаға жазылуы керек.

6.3.3 Топырақты инъекциялы химиялы бекіту кезіндегі жұмыстық және негізгі материалдардың (регенттер, цемент, гель түзегіш қоспа, газдар, цементті ерітінділері) сапасын тексеру үшін жұмыс орнында материалдардың лайықты сипаттамаларын бар жүйелі лабораториялық анықтаулар ұйымдастырылуы керек.

Бастапқы материалдардың сапасын тексеру келесі сипаттамалардың лабораториялық анықтамаларын инъекциялы жұмыстармен бастауға дейін жүзеге асырылады:

- силикат ерітінділері үшін – тығыздық және модуль;
- карбамидті шайыр үшін - тығыздық, тұтқырлық және еркін формальдегид мөлшері.

Бастапқы химия және тағы басқа материалдарының сипаттамаларының лабораториялық анықтамалары 6 қосымшаға сәйкес орындалады (силикат модулі).

Негізгі материалдардың сапасын тексеру құрылыс алаңына әкелінетін әр жаңа материал партиясында жүргізілуі керек.

6.3.4 Жұмыстық бекітуші реагенттердің сапасын операциялық тексеру оларды топыраққа сығу алдында инъекциялау жұмыстары кезінде тиісті сипаттамаларды анықтау және өлшеу жолымен жүзеге асырылады:

- силикат ерітінділерінің және хлорлы кальцийдың тығыздығы мен температурасы құмдарды екі ерітінділі силикаттау кезіндегі және бір силикатты отырып кететін құм аралас топырақтардың бір ерітінділі бір компонентті силикаттау кезінде ;

- бір ерітінділі екі компонентті силикаттау және шайырлау кезінде бекітуші қоспалардың гел жасау уақыты;

- цементация кезінде цемент ерітінділерінің тығыздығы және жайылуы.

Гел түзеу уақыты үздіксіз инъекциялау барысы кезінде енбеге айдау үшін арналған әр дайындалған бекітуші қоспадан сынама алу жолымен бақыланады.

6.3.5 Бекіткіш көрсеткіштерінің жобаға салынған есептеуішінің және топырақты силикаттау және шайырлау (радиус, тереңдікке кеткен енбенің шамасы, бір енбеге кеткен химиялық реагенттің бірлік көлемі, бастырмалау кезіндегі қысым және тұтыну, топырақтарды алдын ала белсендіру үшін мәліметтер, бекітілген топырақтардың беріктік, деформациялық және тағы басқа сипаттамалары) кезіндегі жұмыс өндіруінің техникалық шарттарының дұрыстығын тексеру бақылаулы бекіту арқылы тікелей жұмыс шығаруын бастапқы кезеңде және одан әрі жұмыстарды жасау кезінде жүзеге асады.

6.3.6 Топырақты бақылаулы бекіту нысанның шектелген бөлімшелерінде, бәрлық жобалық көрсеткіштерін және техникалық шарттарын қатал сақтай отырып, бастапқы материалдар сапасын және жұмыстық бекітуші химиялық реагенттерді бақылау шараларын мұқият орындауда жүзеге асады.

Инъекция жұмыстарын әр бақылау бөлімшесінде аяқтаудан кейін, бекітілген массивтарды бақылау шурфтармен және ұңғылармен үлгілерді таңдау, тексеру және бекітілген топырақтардың физика-механикалық қасиетінің сипаттамасын лабораториялық анықтау үшін ашады.

Жобалық талаптар және бақылаулы бекітудің есептік көрсеткіштермен техникалық шарттар нәтижелерінде сәйкессіздік анықталғанда, авторлық қадағалау қажетті түзетулерді кіргізеді, содан кейін бақылаулы бекітулер сәйкессіздік жойылғанға дейін қайталанады.

Бақылаулы бекіту жұмыстарының ауқымы жоба шартымен оның бекіту көлеміне, топырақтың және инженерлік-геологиялық талаптарының біртектілігіне байланысты бекітіледі.

6.3.7 Жобалық есеп айырысу көрсеткіштерінің және топырақты химиялы жолмен бекіту жұмыс шығаруының техникалық шарттары көрсетілген 6.6-шы тарауларға сөзсіз бекітуімен бірге жүруі керек және басқа технологиялық мәліметтерлерді жұмыс журналында және басқа орындаушы құжатта орындалуын бақылау. топырақты химиялы бекітуінің барлық инъекциялық тәсілдері үшін жұмыс өндірісіне кеңес берілетін журналдар пішіндері 15 қосымшада көрсетілген. Осы жағдайда жобаны орындаудағы сапаны бақылау, тиісті жобалық мәліметтермен жұмыс жасауда технологиялық мәліметтерді орындаушы құжатта жазып алынған сәйкестігін жүйелі түрде тексерісінде, сонымен бірге шындықпен жазбаларды салыстыруда орындаушы құжатты жүргізу растығын мерзімді тексерісте байымдалынады.

Жобадан қандайда бір шегінулердің ашылуын бекітілген топырақ массивіндегі Сапасыз өңделген бөлімшелерді түзетуге авторлық қадағалау және жұмыс жасаушылар қажетті шараларды жедел қабылдау қажет.

6.3.8 Жобамен берілген пішіндерді және өлшем бекітілген топырақ массивін бақылау, сонымен бірге барлық нысанда инъекциялау жұмыстары аяқтағаннан соңкелесі бақылау шаралар арқылы біртектілігі бекіту және тұтастыққа қойылатын талаптар жүзеге асады:

- бекітілген аймақты бақылау шурфымен және ұңғымен ашу және топырақты бекітудің сапасын тиісті зерттеулермен тексеру ;

- геофизикалық әдістермен (радиометриялық, электрометриялық немесе сейсмоакустикалық) бекіту аймағын тексеру. Силикаттауға сәйкестірілген геоэлектрика әдісімен бекітудің сапасын бақылау техникасының сипаттамасын 22 қосымшада көрсетілген. Бұл мақсаттар үшін геофизикалық әдістерді қолдану бұрғылау және шурфтау кешенінде үлкен көлемді топырақты бекітуді экономикалық орынды.

Жобаның талаптарымен пішіннің бір бөлігінде, көлемдерінде, бекітілген топырақтардың сапасында және бекітілген массивтердің тұтастықтарында сәйкессіздіктер табылғанда авторлық қадағалаумен тағайындалынып ал жұмыс жүргізуші мекемелер ақауларды жоюға дейін қосымша инъекция жұмыстарын орындайды.

6.3.9 Топырақты химиялық инъекциялы бекітуін сапасын бағалаудағы негізгі рөл, ұңғы және шурфтармен бекітілген массивтерді сынама алу және бекітілген топырақтардың физикалық-механикалық сипаттамаларын лабораторияда анықтау үшін ашу және тексеру жатады, сондықтан бұл шаралардың көмегімен бекіту сапасын бақылау бекітудің кез-келген белгілерінде және тәсілінде міндетті.

6.3.10 Баға және бекіту сапасын бақылау бекітілген топырақтардың физикалық-механикалық қасиеттерінің сипаттамасы үшін қажетті, қолданылатын тәсіл және бекітудің тағайындалуына байланысты таңдалынады.

Бекітілген топырақтардан іргетастарды немесе негіздерді құру кезінде қолданылатын тәсілден тәуелсіз барлық бекітілген топырақтардың беріктік және деформация сипаттамалары анықтайды шекті күйлерді сонымен бірге су тұрақтылығын есептеу үшін ескерілген.

Өзге жағдайда тағы басқа тіркесті сипаттама тағайындалуы мүмкін, дегенмен бекітілген топырақтардың беріктікке сынағын біростік сығылуда және суға шыдамдылыққа барлық жағдайларда қажетті болып көрінеді.

Р қосымшаға сәйкес атқарылатын біростік сығылудағы беріктің бекітілген топырақтарының ең маңызды сипаттамаларының бірі болып табылатыны белгілі; бекітілген топырақтардың басқа сипаттамаларын ғимараттар мен имараттардың іргетастарын және негіздерін қолданыстағы нормаларға сәйкес іздестіру және жобалау жолымен анықтайды.

6.3.11 Бақылау шурфтармен ұңғылардың мөлшерін және орналасуын, геофизикалық зерттеулер немесе барлап байқаудың орындарын, бекітілген топырақтардан бұрғылау немесе шурфтау тәсілімен алынатын үлгілердің мөлшері және сапасы, бекітілген топырақтардың зертханада анықталатын физикалық-механикалық сипаттамаларының құрамы, және де басқа басқа қажетті қосымша топырақтарды бекіту сапасын бақылау ұсыныстар жоба бойынша тағайындалынады. Бақылау ұңғыларының саны шамамен инъекциялы ұңғылардың жалпы санының 3-5 % құрауы керек, ал шурфтар саны бекітілген топырақтың 2-3 мың м³ бір шурфті есептеуден шамамен тағайындалынады, бірақ нысанда кемінде екі шурф болуы керек.

6.3.12 Ашуға бақылау шурфтарын және бақылау ұңғыларын бұрғылауға инъекция жұмыстары аяқталғаннан кейін кемінде 7 тәуліктен кейін кірісу керек.

Шурфтардың өтісі міндетті түрде қабырғаларды бекітумен жасалу керек, құрылыстағы қолданыстағы ережелерді және ізденіс жұмыстарының құралдарын негізге ала отырып, шурфтің өтісі кезінде бекітілген топырақтардан сынама алынады және бекітудің ерекшеліктері мен түрдің сипаттамасы суреттемелермен жасалынады және бекіту сапасы көз мөлшермен бағаланады.

6.3.13 Топырақты бекіту кезінде негіздерді немесе іргетастары Күшейту және орнықтыру мақсатымен бекіту сапасы, оның нәтижесі және тиімділігі іргетастардың шөгуін бақылайтын аспапты геодезиялық бақылау нәтижелерімен ҚР ҚЕ EN 1997-1:2004/2011. Геотехникалық жобалау. 1 бөлім. Жалпы ережелер талабына сәйкес біржолата бағаланады.

6.3.14 Топырақты бекіту жұмыстарын қабылдауда бекітуден алынған нәтижелер іс жүзінде жобаның талаптарымен сәйкес болуы керек. Жұмыстардың жасырын түрін ескере отырып, сәйкестігіне анықтау, жұмыстарды қабылдаудың алдында жобалық, атқарушы және бақылау құжаттарын салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

6.3.15 Жобадан басқа, біткен жұмыстарды өткізу және қабылдау кезінде келесі техникалық құжаттар көрсетілуі тиісті:

- техникалық паспорттар және бастапқы химия материалдарының сапасын тексеру қорытындылары құжаттарымен;
- жұмыс реагенттерінің сапасын тексеру қорытындылары құжаттарымен;
- инъекторлардың батуы, ұңғыны бұрғылау және реагенттерді топырақтарға бастырмау журналдары;

- жоспарлар, профильдер және инъекциялы ұңғылардың және инъекторлардың шын орналасу нұсқауы бекітілген топырақ массивының қимасы және бекітуші реагенттерге бастырмалатудың орындаушы мәліметтерін қондырумен, сонымен бірге бақылау өндірулерді орналастыруды белгілеу;

- бақылау шурфтарын ашу актілері, бақылау бұрғылаудың журналдары және бекітілген топырақтардың физикалық-механикалық сипаттамаларының анықтама нәтижелері ;

- қозғалыс жылдамдығын және пьезаметрлер бойымен топырақ суларының деңгейін бақылау журналдары;

- ведомость немесе ғимараттардың іргетастарының шөгуін аспапты бақылаулардың нәтижелерінің кестелері.

ЕСКЕРТУ Авторлық қадағалау барысында жұмыс жасау кезіндегі үздіксіз бақылау шарттарында материалдардың құрамы жұмыстық журналдармен және бақылау шараларының құжаттарына сәйкес жасырын жұмыстарды куәлестіру туралы актілермен шектеулі болуы мүмкін.

6.3.16 Сараптама негізінде болатын аталған құжаттарда және нәтижелерде және оларды жоба талаптарымен салыстыра отырып атқарылған жұмыстың сапасы және оны қабылдау туралы тұжырым актісі жасалынады.

6.4. Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау шаралары

6.4.1 Топырақта инъекциялы химиялық бекіту жұмыстары ҚР ҚН құрылыстағы қауіпсіздік техникасы жайында қолданыстағы құжаттарындағы өртке қарсы қорғау және қауіпсіздік техникасы жайындағы нормалар мен ережелердің орындалуын талап етеді, сонымен бірге пайдаланудағы мекемелерде бу, компрессор, гидравликалық және электр қондырғыларын пайдаланудағы қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

6.4.2 Жұмыс өндірісін ұйымдастыру кезінде топырақты, жерасты суларын және атмосфералық ауаны ластануды болдырмайтын шараларды қатаң орындалу қажет. Әсіресе, осы құралдың 6 бөліміндегі химиялық реагенттерді тасымалдау, сақтау, жұмыстық ерітінділерді дақылдау, инъекциялық жұмыс жүргізу, технологиялық қондырғыларды тазалау және технологиялық қалдықтарды жою талаптары орындалу керек.

6.4.3 Жұмыс өндірісі басталмай тұрып инженерлі-техникалық қызметкерлер жұмысты қауіпсіз жүргізу тәсілдері программасы бойынша оқу курстарын өтуі тиісті:

- жалпы құрылыс жұмыстары – 2 са.;
- электр қондырғылары және электр жүйесі;
- қысыммен жұмыс жасайтын ауа компрессорларын, ыдыстар мен ауа құбырларын орналастыру, қарау және пайдалану ережелері – 4 сағ;
- пайдаланыстағы мекемелердің жағдайындағы қауіпсіздік техникасы – 2 сағ.

Қауіпсіздік техникасы жайында білімдерін тексергеннен соң әр жұмысшыға куәлік беріледі.

6.4.4 Топырақты химиялық бекіту жұмыстарына, жұмысты қауіпсіз тәсілдермен жүргізудің арнайы оқуын өтпегендер, жұмыс орнында нұсқау хет және медициналық тексеріс өтпегендер жұмысқа қатыстырылмайды.

Қауіпсіздік техникасының талаптарын білу және орындау барлық жұмыс орындаушылары міндетті.

6.4.5 Топырақты химиялық бекіту жұмыстарына қатысатын барлық жұмысшылар арнайы киім (мақталы тығыз киімдер немесе комбинизондар, ал қышқылдармен жұмыс жүргізгенде - тоқылған киімдер), резенке қолғаптар мен аяқкиімдер, қорғаныс көзілдіріктер, басқа каска, респираторлар болуы керек. Ауада шаң, химиялық өнімдерден тұман және бу шығып тұрған ортада арнайы киімсіз қысқа ауқытта болуға тыйым салнады.

Құрылыс алаңына және қордарғыларға қойылатын қауіпсіздік техникасы

6.4.6 Химиялық реагенттерді және басқа да материалдар арнайы орындарда сақталуы тиісті. Химиялық реагенттерді сақтайтын ыдыстар бекітілетін қақпақтармен жабдықталуы тиісті.

6.4.7 Жұмыс орнын ұйымдастыру кезінде жұмыстың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ету керек. Жұмыс орнына басқа адамдардың болуына қатаң тыйым салынады, ол жайында арнайы ескерту жазулары болуы тиісті.

6.4.8 Жұмыс орны жеке сақтандыру құралдарымен, ал далалық дәрі қобдишасы алғашқы көмек көрсететін декемен, аммиак ерітіндісімен, йодпен, қышқылдармен қамтамасыз етілуі тиісті.

6.4.9 Жұмыс жабық бөлмелерде, тар жағдайда жүргізіліп кезде еріксіз вентиляциямен жүргізілуі тиісті. Вентиляцияның тау қазылымдарының нормаларымен есептеу керек. Ауадағы көмірқышқыл газдың құрамы 0,5 % кп болмауы тиісті. Жабық бөлмелердегі көмірқышқыл газдың құрамын анықтау үшін сақтандаратын шахтаның шамын ұсыныды. Бөлменің төменгі жағында қойылған бензинді шамның дұрыс жануы көмірқышқыл газдың қауіпсіз қойырлануын көрсетеді.

Шайырлау жұмыстарында ауада формальдегидтердің құрамының 1 м³ та 0,5 мг аспауы керек. Ерітінділеу және инъекциялау тораптарында ауаның жағдайын бақылау үшін аудандық эпидемиялық стансасын шақыру қажет.

6.4.10 Инъекторларды топыраққа ендірілмес бұрын олардың жарамдылығын тексеріп алу қажет. Ерітінділерді қысымдау кезінде жұмысшыларға ұңғының қасында далуға тыйым саланады.

Химиялық материалдарды тасымалдау және жинуға қойылатын қауіпсіздік техникасы

6.4.11 Ұнтақты реагенттерді тасымалдау кезінде төгілмеуді қамтамасыз ететін оралымда болуы тиісті.

Сұйық, темір және әйнек ыдыстарды келетін химиялық реагенттер, зауыттық ыдыстарда тасымалдануы керек. Басқа химиялық реагенттер автоцистернамен немесе арнайы дайындалған тығыз жабылатын ыдыстармен тасылады.

6.4.12 Көмірқышқыл газдың баллондары тек тік қалпында тасымалданады. Оларды тасыйтын көлікте құламауды қамтамасыз ететін қондырғымен жабдықталуы тиісті.

Көмірқышқыл газдың баллондары тік жағдайда, температурасы +25 °С аспайтын

бөлмаларде сақтау қажет. Далада уақытша сақталған жағдайда, күн сәулесінің тікелей түсуінен сақтандыру керек. Баллондардың бұрандамалары жабық болуы тиісті. Баллондарды бұрандасыз қабылдауға, сақтауға және беруге болмайды.

Көмірқышқыл газдың баллондары жылу және бу радиаторларының, эоектр және қыздыратын құралдардың қасында ұстауға болмайды және кем дегенде 1 м, ал қатты жылудан 5 м қашықтықта орналасуы керек. Баллондарды құрылыс алаңында тасымалдау үшін қол арбаларын пайдаланады.

6.4.13 Жабық қоймаларда жылу. Ішкі суқұбыры және канализация, өздігінен соратын вентиляция, күндізгі және электр жарығымен қамтамасыз етілуі тиісті. Қоймадағы еден тегі, жуылатын, жуылған су ағып кететін еңісі болуы тиісті. Қоймада жұмысшылардың қорғаныс құралдары, алғашқы көмек көрсететін дәрі қобдиша және телефон болуы қажет. Қойма жұмысшылары бекітілген талаптарға сай арнайы киімдермен қамтамасыз етілуі тиісті.

6.4.14 Қатты әсер ететін улы заттарды, әсіресе күкірт және тұзды қышқылдарды, сақтауға аса көңіл қойған жөн. Бұл заттар бөлек қоймада, желдету үшін қажетті екі есігі болуы тиісті. Мұндай заттарды ашық аспан астында, ылғал жерде және жертөледе сақтауға болмайды. Олар сақталатын қаймада тұрақты вентиляция және механикалық апатты вентиляция болуы тиісті. Қатты әсер ететін улы заттардың қоймаларында белгіленген талаптарға сай өрт сөндіретін құралдар болуы тиісті.

Жұмыс өндірісі кезінде қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптар

6.4.15 Бекітілген аймақта бұрғылау, ойықтар жасау және топырақты алу кезінде инженерлі-геологиялық жұмыстарға қойылатын талаптарды орындау қажет.

6.4.16 Реагенттерді топыраққа қысымдаудың алдында сорғыштар мен қондырғылардағы мономатрлерді тексерістер өткізіп, ақауы болса тез арада ауыстыру керек. Сорғыштарды қысымдау кезінде жөндеуге болмайды.

6.4.17 Инъекторлардан құбыршектерді тек қысымды түсіргеннен соң ғана ағытуға болады. Құбыршектің қысымдау кезінде бүгіліп кетпеуін қамтамасыз еті керек. Оларды біріктіру үшін тек бұрандалы хамыттыр қолданған жөн, сыммен біріктіруге болмайды.

6.4.18 Бекіткіш ерітінділерді қысымдау пневмоыдыс арқылы жүргізілген жағдайда біріккен буыедарды жөндеуге қатаң тыйым салынады.

Пневматикалық қондырғылармен келесі жағдайларда жұмыс жүргізуге тыйым салынады:

- егер құтыдағы қысым мөлшерінен асып кеткенде;
- сақтандырушы жапқыштың ақаулы күйінде;
- құтының негізгі элементтерінде жарықтар, ісінулер, жұқарулар, дәнекерлі жіктердің жіберуі немесе терлеуі, бұрандалы түйістерден аққан жағдайда;
- өрт пайда болып, қысымды құтыға тікелей қауіп төндіргенде;
- ианоиатрдің ақаулығынан және қысымды басқа құралмен өлшеуге мүмкіндік болмаған жағдайда.

6.4.19 Жұмыс жасап жатқан өндірістік мекеменің цехтарында:

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

- топырақты бекітуге қатысты барлық жұмысшыға осы мекемеден қосымша нұсқаухаттан өту қажет;

- мекеменің бір бөлігіндегі бұрғылау және инъекциялау жұмыстарын жүргізуге рұқсат болуы тиісті:

- бұрғылау және инъекторларды қақпастан бұрын, жерасты коммуникациялары мен каналдарын анықтап алу қажет.

6.4.20 Шайылымды сулар және техникалық қалдықтар жұмыс аймағынан тысқары, арнайы ыдыстарға қотарылуы тиісті. Қалдықтардың ыдысы бекітілген орынға жеткізілуі тиісті.

А ҚОСЫМШАСЫ*(ақпараттық)***ТОПЫРАҚТЫ, ӘКТАСТЫ, ЦЕМЕНТТІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АРМАТУРАЛАУШЫ
ЭЛЕМЕНТТЕРМЕН КҮШЕЙТІЛГЕН НЕГІЗДІ ЖОБАЛАУДЫҢ ЕВРОПАЛЫҚ
МОДЕЛІ****Пайдалануға жарамдылығы бойынша шектік жағдаймен жобалау****Есептік модел**

Төменде көрсетілген есептік модел Бромстың (Broms) (1984 ж.) сипаттауымен әктасты ұстындарға арналған модел негізінде құрастырылған. Осы модел сондай-ақ әктасты-цементті жартылай қатаң және жұмсақ ұстындар үшін де қолданылды, Рогбек және басқаларын қараңыз (Rogbeck et al) (1995 ж.).

Бекітілген топырақ шегіндегі шөгулер келесі көрсетілген факторлар ықпалынан болады:


- бекітілген топырақтағы ұстынның сығылу модулі мен бекітілмеген топырақтың сығылу модулінің ара қатынасы;
- бекітілген топырақтағы ұстындармен толтырылған бекітілген үстіңгі беттің пропорциясы;
- топырақты нығыздау сипаттамалары;
- бекітілген топырақтағы ұстындардың көтеру қабілеті;
- бекітілген топырақтағы ұстындарды орнату кезінде түсірілген жүктеме уақыты;
- бекітілмеген топырақ пен бекітілген топырақтағы ұстындардың енгіштігі.

Осы берілген есептік модульде, топырақ тереңдігі біркелкі және бекітілген топырақтың барлық ұстындары бірдей тереңдікке енеді деп қабылданады. Бекітілмеген топырақтың қасиеттерінде белгілі бір ауытқушылықтың орын алуы себепті және тұтқыр материалдармен бекіту нәтижесінде, бекітілген топырақтың әр түрлі ұзындықтағы ұстындарын қолдану экономикалық жағынан тиімді болуы мүмкін. Бұндай жағдайда шөгу өлшемдерінің есебін бекітілген топырақтағы ұстындардың әр түрлі ұзындықтары үшін жүргізу қажет болады.

Жүктеменің бекітілген топырақтағы ұстындар арасында бөлініп таралуы


Жүктеменің бекітілген топырақтағы ұстындар және бекітілмеген топырақ арасында бөлініп таралуын есептеу мынадай пайымдаулармен жүзеге асады: ұстындар мен бекітілмеген топырақтың әр бір деңгейіндегі сығылулар бірдей, яғни, бекітілмеген топыраққа түскен жүктеме біртіндеп бекітілген топырақтың ұстындарына ауысады және жүктемелер А.1 суретінде көрсетілгендей, ұстын негіздіктеріне жіберіледі. Ұстын астындағы топырақтың шөгулері, жүктемелердің бекітілген топырақтың ұстындарының негіздіктеріне жіберілу мүмкіндігімен есептеледі.

Ұстынның сығылу модулі уақыт өте келе ұлғаяды. Араластырудың әр түрлі тәсілдері мен кернеулердің әр түрлі қатынастарын қолданудан сығылу модулінің ұлғаюы лабораториялық және дала жағдайында әр түрлі өтеді. Осыған байланысты, шөгу есептерінің нәтижелерінде мүмкін болатын максимал және минимал мәндер болу керек. Жүктеме q бекітілген топырақ ұстынына берілетін жүктеме q_1 және бекітілмеген топыраққа берілетін жүктемеден q_2 құралады.



Сурет А.1 – Ұстындармен бекіту кезіндегі жүктеменің бөлініп таралу принципі.

Алдын-ала жүктеу кезеңдерін өңдеу сипаттамалық шамаларға негізделеді. Қадағалау тәсілін қолдану арқылы, құрылыс жүріп жатқан кезде өлшенген шөгу шамасының болжанған шамадан мүмкін ауытқушылықтың орын алғанын анықтауға болады. Бұл жағдай мынадай шешімдерді қабылдауға негіз болатын мүмкіндіктерді анықтайды: уақытша артық жүктемені қашан алып тастауға болады; артық жүктемені өсіру қажеттілігі; немесе алдын-ала жүктеу периодын ұзарту. Бекітілген ұстындардың қатандық қисықтығы А.2 суретте көрсетілген сәйкестік қатандық ретінде қабылдануы мүмкін. Осы қисықтық бекітілген топырақ ұстынының ұзақ мерзімді беріктігіне жеткенше (жылжу шегіне) сызықты түрде қалады, ал қисықтық еңістігі бекітілген топырақ ұстындары үшін Юнг модулі ретінде қарастырылады E_{col} . Ұзақ мерзімді беріктіктен артып кеткеннен кейінгі жүктеме бекітілген топырақ ұстынындарына тұрақты деп есептеледі. Осы сипатталатын жүктеме-деформация қатынасы жүктеменің бекітілген топырақтағы ұстындар және бекітілмеген топырақ арасында бөлініп таралуын есептеу үшін қолданылады.



Сурет А.2 – Бекітілген топырақ ұстынындағы қатандықтың пайымдық қисықтығы

Беріктік шегі σ_{ult} бекітілген топырақ ұстындарының ығысу кезіндегі беріктік шегі σ_{uk} мен ұстындардың нақты горизонтал қысымының σ'_h функциясы ретінде, төменде көрсетілген эмпириялық өрнекке сәйкес анықталады:

$$\sigma_{ult} = 2C_{uk} + 3\sigma'_n \quad (A.1)$$

σ'_h – бекітілген топырақтың ұстын мен топырақ арасындағы нақты горизонтал кернеуі. Оны тұрақтандырғыштарды (стабилизатор) араластырудан түзілетін деформациялардан пайда болған топырақтағы бастапқы тік кернеуге тең деп қабылдауға болады. Теңдеу (28) бекітілген топырақтың ұстынындағы $\varphi = 30^\circ$ кезіндегі жалпы жүктемені талдау негізіне белгілі бір дәрежеде сүйенеді.

$$\sigma'_n = \sigma'_{vu} + 0.54\sigma_v \quad (A.2)$$

Жүктеменің бекітілген топырақтағы ұстындар және тұрақталмаған топырақ арасында бөлініп таралуын есептеу итерация процесін қолдана отырып жүргізіледі. Ережеге сай, назарға тек қана мына факт алынады: ұстындармен бекітілген учаскеге жүктеме түсірілгенде горизонтал қысым артады. Горизонтал қысымның бұлай артуы (29) теңдеуге сәйкес, топыраққа түсірілетін жүктеменің 50% тең деп қабылданады. Яғни, ұстынның жылжуы артады және бекітілген топырақ ұстындары өзіне артық жүктемені қабылдайды.

Бекітілген ұстындардың ұзақ мерзімді беріктігі, σ_{creep} , беріктік шегінің 70-95% тең деп қабылдануы мүмкін. Егер бекітілген ұстындардың ұзақ мерзімді беріктігі оның беріктік шегінің 90% құрайтын болса, онда бұл жекеленген ұстындардың максимал жүктемені көтеруге q_{1max} тағайындалғанын білдіреді.

$$q_{1max} = 0.90 \cdot a \cdot \sigma_{ult} \quad (A.3)$$

мұндағы:

$a = A/c^2$, ұстындарды тік бұрышпен орналастырғанда

A = бекітілген топырақ ұстындарының көлденең қимасының ауданы

c = бекітілген топырақ ұстындарының орталығы арасындағы қашықтық

Жылжу жүктемесі жер деңгейінен төмен қашықтықтың өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Бекітілген топырақтың жекеленген ұстындарымен қабылданатын жүктеме q_1 , қашанда жалпы жүктемеден q кіші болады. Тұрақталмаған топыраққа берілетін жүктеме q_2 жалпы жүктеме q мен ұстындармен қабылданатын жүктемелер q_1 арасындағы айырма ретінде есептеледі.

(A.4)

$$q_2 = q - q_1$$

Шөгу есебі

Ұстындармен бекітілген учаскедегі шөгулер топырақ профилін сипаттамалы қабаттарға бөліп қарау арқылы есептеледі. Бекітілген топырақтың ұстындарындағы шөгулер (31) теңдеумен есептеледі, мұндағы Δ_h – пласт қалыңдығы.

$$S_1 = \sum \frac{\Delta h}{a} \cdot \frac{q_1}{E_{col}} \quad (A.5)$$

мұндағы:

S_1 - бекітілген топырақтың ұстындарындағы шөгулер, м

Δh - бекітілген топырақ пластарының қалыңдығы, м

$q_{1/a}$ - бекітілген топырақтың ұстындарына жүктеме, жоғарыда көрсетілгендей, кПа

a – аудандардың қатынасы, жоғарыда көрсетілгендей

E_{col} - бекітілген топырақтың ұстындарының Юнг модулі, кПа

Бекітілген топырақтағы шөгулер (33) теңдеуімен есептеледі

$$S_2 = \sum \frac{\Delta h}{1-a} \cdot \frac{q_2}{M_{soil}} \quad (A.6)$$

мұндағы:

S_2 - бекітілмеген топырақтың отыруы, м

$q_{2/(1-a)}$ - бекітілмеген топыраққа жүктеме, жоғарыда көрсетілгендей, кПа

M_{soil} - бекітілмеген топырақтың сығылу модулі, кПа

Бірінші есеп $q_1=q_{1max}$ кезінде орындалды. Бекітілген топырақ ұстындарындағы есептік отыра шөгу S_1 - бекітілмеген топырақтағы есептік отыра шөгумен S_2 қатар қарастырылуы керек. Егер $S_1 > S_2$, онда жүктеменің берілуі q_1 біртіндеп төмендеуімен және q_2 сәйкесті артуымен орындалады, нәтижесінде $S_1 = S_2$ болуға тиісті. Есептік шөгу S_m кейін S_1 және S_2 тең болады. Егер топырақ қалыпты жағдайда нығыздалса, S_m мәні (34) теңдеумен есептеліп шығарылуы мүмкін.

$$S_m = S_1 = S_2 = \sum \frac{\Delta h \cdot q}{a \cdot E_{col} + (1-a) \cdot M_{soil}} \quad (A.7)$$

Бірақ, егерде $S_1 < S_2$, бекітілген топырақ ұстындары қандай да бір жүктемені одан әрі қабылдай алмайды, бұл жағдайда шөгу мәні S_m бекітілмеген топырақтағы есептік шөгуге S_2 тең болады.

Массивпен бекітілген учаске шегіндегі шөгулер мынадай пайымдаулармен есептеледі: массивпен бекітілген көлем өзін сызықты эластикті абсолютты пластикалық қатпар ретінде көрсетеді. Барлық жүктеме q массивпен бекітілген көлеммен қабылданады. Беріктікті таңдау мынадай өлшеммен жүргізіледі – бекітілген топырақтың ығысуы шектік кернеуден артпауға тиісті. Шөгу мәні (35) теңдеуі бойынша есептеледі. Шөгудің едәуір мәні жүктемені ұстап тұрған жағдайда (жүктемені тек қана жұмыстық платформамен туғызған жағдайда) орын алатынын еске сақтау керек, сондықтан мұндай шөгулерді жеке есептеген дұрыс болады.

$$S_m = \sum \Delta h \cdot \frac{q}{M_m} \quad (A.8)$$

мұндағы:

S_m - массивпен бекітілген көлемдегі шөгу, м

Δh - бекітілген топырақтың қатпар қалыңдығы, м

q - массивпен бекітілген топыраққа жүктеме, кПа

M_m - массивпен бекітілген топырақтың сығылу модулі, кПа

Жоғарыда атап өткен массивпен бекітілген қатпарлардың шөгуі пайдалану кезеңінде айтарлықтай үлкен емес. Егер ұстындар массивпен бекітілген топырақ астында орнатылса, ұстындармен бекітілген көлемнің шөгу есебі, жоғарыда көрсетілген рет бойынша жүргізіледі.

Жоғарыда сипатталған шөгу есебі тек бекітілген көлемге ғана қатысты. Тұрақтандырылған көлем астындағы қатпарлардың шөгу есебі әдеттегі тәсілмен есептеледі. Жүктеменің бекітілген көлемде таралуы қарастырылмайды.

Шөгу дәрежесі

Егер топырақтағы нақты кернеу алдын-ала нығыздау қысымынан кіші болса, шөгудің дамуы өте тез болады.

Егер топырақтағы нақты кернеу алдын-ала нығыздау қысымынан артық болса, бекітілген топырақтың қатпарындағы нығыздау шөгуінің дәрежесі, тік дренаждалған топырақ секілді есептеледі. Мониторинг көрсеткеніндей, есептік шөгу дәрежесі жалпы шөгудің дамуы 80-90% құраған кезде жеткілікті түрде сенімді болады.

$$U = 1 - \exp \left[\frac{-2 \cdot c_{vh} \cdot t}{R^2 \cdot f(n)} \right] \quad (A.9)$$

мұндағы:

U - бекітілген топырақтың нығыздалу дәрежесі

c_{vh} - бекітілмеген топырақтың горизонтал бағыттағы нығыздалу коэффициенті, тік деформация үшін $2 \cdot c_{vv}$ тең деп қабылданады

c_{vv} - бекітілмеген топырақтың горизонтал бағыттағы нығыздалу коэффициенті және тік деформация кезіндегісі

t - нығыздалу уақыты

R - бекітілген топырақтың ұстын радиустарынан тәуелділік

Бекітілген топырақтың ұстындары үшін, олардың орталықтары арасындағы қашықтық (шаршы тордағы немесе тең бүйірлі үш бұрышты тордағы), радиустардан тәуелділік $R = c/(p)1/2 = 0.56c$ құрайды. Егер бекітілген топырақ ұстындары тең жақтаулы үш бұрышты торда орнатылса, $R = 0.53c$.

$$f(n) = \frac{n^2}{n^2 - 1} \cdot \left[\ln(n) - 0.75 + \frac{1}{n^2} \cdot \left(1 - \frac{1}{4n^2} \right) \right] + \left[\frac{n^2 - 1}{n^2} \cdot \frac{1}{r^2} \cdot \frac{k_{soil}}{k_{col}} \cdot L_D^2 \right] \quad (A.10)$$

мұндағы $n = R/r$:

r - бекітілген топырақ ұстынының радиусы

c - бекітілген топырақ ұстындары орталығы арасындағы қашықтық

L_D - дренаж салынған бекітілген топырақ ұстынының ұзындығы, тек жоғары бағытталған, және де ұстын ұзындығының жартысында жоғарыға да, төменге де дренаж бар

k_{soil} - бекітілмеген топырақтың енуі


k_{col} - бекітілген топырақ ұстындарының енуі

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

Жоғарыда сипатталған шөгу дәрежесі тек қана бекітілген көлемге қатысты. Бекітілген көлем астындағы шөгу дәрежесінің есебі әдеттегі тәсілмен орындалады, және ұстындар қатпардың жоғарғы бөлігіне дренаждалады деп ескеріледі.


Б ҚОСЫМШАСЫ
(міндетті)
ТОПЫРАҚТЫ БЕКІТУДІҢ ТИПНІ (ТҮРІН) ТАҢДАУ ЖӘНЕ КОНСТРУКТИВТІК
СҮЛБАСЫН ТАҒАЙЫНДАУ

Бекітілген топырақтың қажетті сипаттамаларын осы көрсетілген есептер үшін арнайы ізденулер мен зерттеулердің нәтижесінде алады. Олар осы құралдың 5.2 тарауында баяндалған талаптар мен кеңестерге және қосымшаларда келтірілген сәйкесті толықтырылған әдістемелерге сәйкесті болу керек.




а – блоктармен; б – жекеленген; в – панелдермен; г - торлармен

СуретБ.1 – Арматуралаушы элементтерді орнату сұлбасы



а – үйінді астындағы топырақты бекіту; б – тұрба құбырларының астындағы топырақты бекіту

СуретБ.2 – Массивтегі әлсіз топырақты бекіту сұлбасы



а – тұтас бекіту; б – арматуралап бекіту; в – құрамалы бекіту

СуретБ.3 – топырақты инъекциялық химиялық бекітудің конструктивтік сұлбасы

Топырақты силикаттау және шайырлаудың (смола) нақты тәсілін (рецептура) таңдау осы құралдың 5.1 тарауындағы 1 кестені жетекшілікке ала отырып, бекітілген топырақтарға қойылатын талаптарға сәйкесті жүзеге асырылады.

Маусымдық қату (тоңу) аймағындағы топырақты бекіту кезінде бекітілген топырақтың беріктігі көтеріңкі түрде тағайындалуға тиісті. Бекітілген топырақ үлгілері

бұл жағдайда бетонға арналған (25 циклді) әдістеме бойынша аязға төзімділікке сыналуы тиісті.

Құрылыс жобасымен берілетін бекітілген топырақ беріктігі бір өсті сығылу кезінде жуықталған шамалар келтірілген Б.1 кестесінде көрсетілген орташа мәннен жоғары қабылданбауға тиісті.

Егер топырақты бекітуге силикаттау және шайырлаудың бір ерітінділі тәсілі қолданылса және лабораториялық зерттеулер қорытындысы топырақты алдын-ала қатайтқышпен өңдеу қажеттілігін айқындап берсе, онда бұндай өңдеулер лаборатория кеңестеріне сәйкес жобада қарастырылады.

Топырақты силикаттау және шайырлау арқылы бекітудің есептік радиусының мәні топырақ түріне және оның су сіңіргіштігіне байланысты Б.2 кестесіне сәйкес тағайындалады.


Инъектордың немесе инъекциялық ұңғыманың нақты (перфорированной) бөлігінің ұзындығы 1 бір текті қабатталған топырақтар үшін 1 м тең деп, ал бір текті емес қабатталған топырақтар үшін 0,5 м тең деп қабылданады. Бір текті отырмалы саздақ топырақты инъекциялық ұңғыма арқалы бекіткенде 1 мәні 3 м-ге дейін ұлғаюы мүмкін.

Кесте Б.1 – Топырақты силикаттау және шайырлау жолымен бекіту радиусының есептік мәні

Бекіту тәсілі	Топырақ түрі	Сүзу коэффициенті, м/тәулік	Топырақты бекіту радиусы, м
Екі ерітінділі силикаттау	Әр түрлі түйіршікті құмдар	5 - 10	0,3 - 0,4
		10 - 20	0,4 - 0,6
		20 - 50	0,6 - 0,8
		50 - 80	0,8 - 1
Екі құрамалы бір ерітінділі силикаттау	»	0,5 - 1	0,4 - 0,6
		1 - 2	0,6 - 0,8
		2 - 5	0,8 - 1
Газды силикаттау	»	0,5 - 1	0,3 - 0,5
		1 - 5	0,5 - 0,8
		5 - 20	0,8 - 1
Бір құрамалы бір ерітінділі силикаттау	Отырмалы сары топырақ	0,2 - 0,3	0,4 - 0,7
		0,3 - 0,5	0,7 - 0,8
		0,5 - 2	0,8 - 1,0
Екі құрамалы бір ерітінділі шайырлау	Әр түрлі түйіршікті құмдар	0,5 - 1	0,3 - 0,5
		1 - 5	0,5 - 0,6
		5 - 10	0,65 - 0,85
		10 - 20	0,85 - 0,95
		20 - 50	0,95 - 1

Силикаттау және шайырлау кезіндегі инъекция параметрлерін есептеу Б.5 суретінде келтірілген есептік сұлбаға сәйкес жүзеге асырылады. Осы сұлба негізіне бекітілген топырақ массивінің көлемі алынған, ол радиусы r және биіктігі l_3 болып келген шартты цилиндр түріндегі бірілік инъекциядан алынған және түр жағынан эллипстік айналу түріне жақын, нақты бекітілген топырақ массивінің көлеміне парапар келеді. Цилиндр радиусы шартты түрде бекіту радиусы деп аталады, ал оның биіктігі – инъектордың нақты

бөлігінің бір бірлік инъекциядан келесісіне оның өсін бойлай орын ауыстыру мәні болып табылады және алымдардеп аталады; алымдардеп сондай-ақ, бірлік инъекциядан бекітілген топырақ массивінің өзін атайды. Инъекторлардың (ұңғымалардың) жоспарда орналасуын және сәйкесті коэффициенттерімен алымдар мәнін анықтайтын эмпириялық формулалар топырақ массивінің инъекция кезінде тегіс бекітілуін қамтамасыз етеді.



А – бірлі алымдарүшін; Б – тұтас массив үшін; 1 – бекітілген топырақтың бір алымдардаы есептік массиві; 2 – бекітілген топырақтың бір текті орта үшін бір алымдардаы нақты массиві; 3 – инъекторлар немесе инъекторлық ұңғымалар; 4 – инъектордың перфор бөлігі немесе ұңғыманың нақты бөлігі; 5 – бекітілген топырақтың тұтас массиві

Сурет Б.4 – топырақты инъекциялық химиялық бекітудің есептік сұлбасы

Топырақты бекітудің тұтас нұсқасының конструктивтік сұлбасында (суретБ.4) инъектор немесе инъекторлық ұңғымалар жоспарда шахматтық ретпен орналасады.

Инъекторлар (ұңғымалар) қатарының арасындағы қашықтық (м) формуламен анықталады:

$$l_p = 1,5r, \quad (\text{Б.1})$$

ал бір қатардағы инъекторлар (ұңғымалар) арасындағы қашықтық (м) мына формула бойынша:

$$l_n = 1,73r, \quad (\text{Б.2})$$

мұндағы r – бірлік инъекциядан есептік бекіту радиусы, м.

Топырақты бір инъектормен немесе тереңдігі бойынша (тік, көлбеу немесе горизонтал) инъекциялық ұңғыма арқылы тұтас бекітуге бекітуші реагенттерді учаскелеп инъекциялау, белгілі бір мәндегі алымдар арқылы қол жеткізуге болады. Алымдар мәні (м) формула бойынша анықталады:

$$l_3 = 1 + 0,5r, \quad (\text{Б.3})$$

мұндағы – инъектордың (ұңғыманың) перфор (нақты) бөлігінің ұзындығы, м; 0,5 - эмпириялық коэффициент.

Бекітудің (Б.1) - (Б.3) формулалармен анықталатын геометриялық параметрлері негізінде және бекітудің жобамен берілген конструктивтік сұлбасы негізінде, бекітілетін топырақ массивтерінің түрі мен өлшемдері негізінде, осы массивтердегі инъекторлардың (ұңғымалардың) жоспардағы кеңістік орналасуы мен тереңдігі бойынша алымдардың орналасуы жүргізіледі. Осымен бір мезгілде жобаның топографиялық негізінде (жоспарлар мен қималарда) алымдардың бекітілген массивтегі кеңістік орналасуымен қатар олардың жалпы саны да есептеледі. Бір алымдардан бекітілген топырақтың бірлік инъекциядан көлемі (m^3) формуламен анықталады:

$$q_{гр} = \pi r^2 l_3. \quad (Б.4)$$

Бекітілген топырақтың жалпы көлемі (m^3) жалпы жағдайда бірлік алымдардан болған көлемнің $q_{гр}$ массивтегі алымдар санына көбейту арқылы табылады.

Жұмысшы концентрацияның бекітуші ерітінділері мен топырақты химиялық жолмен бекіту кезіндегі гель түзетін қоспалардың көлемі (m^3) жалпы жағдайда формула бойынша анықталады:

$$Q = Q_{гр} n a, \quad (Б.5)$$

мұндағы:

$Q_{гр}$ – бекітілетін топырақ көлемі, m^3 ;

n – топырақтың бірлік үлесіндегі есептік кеуектілігі;

a – кеуектерді толтыру коэффициенті, ол мынаған тең: екі ерітінділі силикаттау кезінде әр ерітінді үшін 0,5; құм топырақты бір ерітінділі силикаттау кезінде 1; отырмалы сары топырақты силикаттау кезінде 0,7; құм топырақты шайырлау 1; ірі кесекті және сызатты жартасты топырақты цементтеу кезінде 1,0; газды силикаттау кезінде: құм топырақтар үшін 0,7, отырмалы сары топырақтар үшін 0,8.

Жұмысшы концентрацияның бір алымдардағы бірлік инъекциясының күшейткіш ерітіндісінің көлемі құм топырақтар үшін бір ерітінділі екі құрамалы силикаттау және шайырлау кезінде формуламен анықталады:

$$q_k = q_c / (1 + \alpha) \quad (Б.6)$$

мұндағы:

q_c – гель түзетін қоспаның бірлік инъекцияға көлемі, (Б.5) формуламен анықталады; α – қатайтқыштың берілген рецептура үшін күшейткішке көлемдік қатынасы.

Жұмысшы концентрацияның қатайтқышының бірлік алымдар көлемі гель түзуші қоспалар мен күшейткіштің көлемдерінің айырмасы ретінде танылады. Жұмысшы концентрацияның күшейткіштері мен қатайтқыштарының жалпы көлемі жалпы жағдайда бірлік көлемдердің алымдар санына көбейтіндісі ретінде анықталады.

ҚР НТҚ 07-01.5-2012

Жұмысшы концентрацияның ерітіндісінің кез келген берілген көлемін дайындауға қажетті бекітуші реагенттің бастапқы ерітіндісінің саны жалпы жағдайда формуламен анықталады:

$$Q_{ик} = \frac{\rho_{рк} - \rho_E}{\rho_{ик} - \rho_E} Q_{рк} \quad (Б.7)$$

мұндағы:

$\rho_{рк}$ - жұмысшы концентрация ерітіндісінің тығыздығы, г/см³;

ρ_E - су тығыздығы, г/см³, 1 тең деп қабылданады;

$\rho_{ик}$ - бастапқы ерітінді тығыздығы, г/см³;

$Q_{рк}$ - жұмысшы концентрацияның ерітінді саны, л.

Жұмысшы концентрацияның ерітіндісін дайындау кезіндегі бастапқы концентрацияның ерітіндісіне үстемелеп қосылатын судың көлемі осы ерітінділер көлемінің айырмасы ретінде анықталады.

Газды силикаттау үшін топырақтың алдын-ала белсенділігін арттыруға қажетті көмір қышқыл газының саны көлемі (кг) формуламен есептеледі:

$$A_T = Q_{гр} n c r_g, \quad (Б.8)$$

ал топырақ кеуегіндегі ерітіндінің қатаюы үшін, кг – формула бойынша:

$$B_T = Q_{гр} n b r_g, \quad (Б.9)$$

мұндағы:

$Q_{гр}$ - бекітілетін топырақ көлемі, м³;

n - топырақтың бірлік үлесіндегі кеуектілігі; c - коэффициент, 2,5 тең;

r_g - көмір қышқыл газының тығыздығы, кг/м³;

b - коэффициент, құм топырақтар үшін 8; отырмалы топырақтар үшін 4.

(Б.1) - (Б.9) формулалары және бекітілетін массивтерде бірлік инъекцияларды кеңістік орналастыру мәліметтері бойынша инъекциялық жұмыстардың көлемі жөніндегі қажетті мәліметтерді, химиялық материалдардың қажетті санын алуға және топырақты инъекциялық бекітудің параметрлерін беруге болады.

Бекітуші реагенттер - ерітінділер, қоспалар және газдар топыраққа жәй және бір келкі сіңірілуі тиіс. Қолданылатын шығын және қысым мәндері топырақтың жарыла айырылуына және реагенттердің бірлік инъекция контурынан шығып кетуіне жол бермеу керек.

Ерітінділер үшін бұл шарт бір инъекторға кететін шығын шамасымен жуықтап қамтамасыз етіледі, яғни, бір инъектордан (ұңғымадан) оның ұзындығы 1 м болып келетін нақты бөлігі арқылы Б2 кестесіне сәйкес, топырақтың су сіңіргіштігіне байланысты анықталады.

Кесте Б.2 - Бір инъекторға (ұңғымаға) кететін ерітінді шығынының мәндері

Сүзу коэффициенті, м/тәулік	Ерітінді шығыны, л/мин	Сүзу коэффициенті, м/тәулік	Ерітінді шығыны, л/мин
Шаң және ұсақ құмдар:		Орташа түйіршікті және ірі түйіршікті құмдар:	
0,5 - 1	1 – 2	5 – 10	1 – 2
1 – 5	2 – 5	10 – 20	2 – 3
		20 – 50	3 – 5

Басқа ұзындықтағы инъектордың немесе ұңғыманың нақты бөлігі үшін шығындардың мүмкін мәндері сызықтық интерполяцияға сәйкес өзгереді.

Су сіңіргіштігі бойынша бір текті топырақтарда немесе олардың су сіңіргіштігінің тереңге қарай азаюына байланысты бекітуді жоғарыдан төменге жүрген алымдармен істеген жөн. Егер сүзу коэффициенті тереңмен артатын болса, онда бекітуді төменнен жоғары қарай жүргізген дұрыс.

Жиі қатпарланған бір текті емес және су сіңіргіштігінің айырмасы 30% асатын әр түрлі құм топырақтарда, химиялық ерітінділерді қатпарлары бойынша жекелеп жүргізген дұрыс. Сүзу коэффициенті үлкен болып келген топырақ қатпарын бірінші кезекте бекітеді. Бекітілетін топырақ қатпары онша қалың болмаса, перфор бөлігі қысқа инъекторларды қолданады.

Суға қанық топырақтарды инъекциялық химиялық жолмен бекіткенде жер асты суларының қозғалысы іс жүзінде тек қана екі ерітінділі силикаттау әдісімен инъекциялау процесіне ықпалы болуы мүмкін. Бұндай жағдайда топыраққа бекітуші ерітінділерді мынадай тәртіппен сіңіреді:

- жер асты суларының жылдамдығы 1 м/тәудейін сұйық әйнекті бекітілетін топырақтың барлық тереңдігіне жоғарыдан төмен жүретін заходкамен кезектеп өтеді, одан соң хлорлы кальцийді төменнен жоғары заходкамен енгізеді;

- жер асты суларының жылдамдығы 1 - 3 м/тәу болғанда сұйық әйнек пен хлорлы кальцийді әр бір алымдарда кезекпен сіңіреді;

- хлорлы кальцийді 3 м/тәу асқан жағдайда, топырақты екі кезекпен бекітеді: әуелі уақытша су өткізбейтін шымылдық ұстайды, одан соң соның көмегімен топырақтың негізгі массивін бекітеді; уақытша шымылдық қондыру кезінде әр бір алымдарда бір мезгілде сұйық әйнек пен хлорлы кальцийді әр түрлі инъектор арқылы енгізеді. Бұл инъекторлар бір-бірінен 0,15 - 0,2 м қашықтықпен қағылады, жер асты суларымен бірге қозғалысқа түскен сұйық әйнек хлорлы кальций ерітіндісімен тұтылады. Уақытша шымылдық қондырып болғасын негізгі топырақты әр бір алымдарда ерітінділерді кезекпен сіңіру арқылы бекітеді.

Топырақты инъекция арқылы химиялық жолмен бекіту жұмыстарын ұйымдастыруды жобалау жұмысты ұйымдастырудың жоғарыда баяндалған қағидаларына сәйкес жүргізіледі және EN 1537-2009 Арнайы геотехникалық жұмыстарды орындау. Топырақ анкерлер. жетекшілікке алынады.

Топырақты химиялық жолмен бекіту бойынша жұмыс сапасын бақылау шаралары осы пособияның 6 тарауында баяндалған талаптарға сәйкес бекіту жобасымен тағайындалады.

Техникалық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар осы пособияның 6 тарауында баяндалған талаптарға сәйкес жобасмен тағайындалады.

Есептеу және жобалау мысалдары

МысалБ.1. Жобалау ұйымдарының кеңестеріне сәйкес сары отырмалы сары топырақты силикаттау кезінде бекітілетін топырақтың бір өсті сығылуға берілетін беріктігі 0,3-0,5МПА шамасынан аспайтындай болуы керек. Топырақты силикаттаудың нақты тәсілін (рецептура) таңдау топыраққа қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асуға тиісті. Отырмалы сары топырақты силикаттау арқылы бекітудің есептік радиусы 0,4-0,7метр аралығында тағайындалған.

Инъектордың (перфор) нақты бөлігінің ұзындығы бір текті қабатталған топырақтар үшін 1 м тең қабылданады. Бір текті отырмалы саздақтарды инъекциялық ұңғыма арқылы бекіту кезінде 1 шамасы 2 м-ге дейін артуы мүмкін.

Силикаттау және шайырлау кезіндегі инъекция параметрлерін есептеу А5 суретте келтірілген есептік сұлбаға сәйкес жүргізіледі. Осы сұлбаның негізі ретінде бірлік инъекциядан радиусы r және биіктігі l_3 болып келген шартты цилиндр түріндегі бекітілген топырақ массивінің көлемі алынады және оның көлемі түрі жағынан эллипстік айналмаға жақын келетін нақты бекітілген массив көлеміне парапар келеді.

Шешімі. Топырақты бекітудің конструктивтік сұлбасының тұтас нұсқасы кезінде инъекторлар немесе инъекциялық ұңғымалар жоспарда шахмат тәртібімен орналасады. Инъекторлар (ұңғымалар) қатарының арасындағы қашықтық (m) формуламен анықталады:

$$l_p = 1,5r = 1,5 * 0,4 = 0,6m, \quad (Б.1.1)$$

ал бір қатардағы инъекторлар (ұңғымалар) арасындағы қашықтық (m) мына формула бойынша:

$$l_n = 1,73r = 1,73 * 0,4 = 0,7m, \quad (Б.1.2)$$

мұндағы $r = 0,4$ м – бірлік инъекциядан бекітудің есептік радиусы.

Топырақты бір инъектормен немесе тереңдігі бойынша (тік, көлбеу немесе горизонтал) инъекциялық ұңғыма арқылы тұтас бекітуге бекітуші реагенттерді учаскелеп инъекциялау, белгілі бір мәндегі алымдар арқылы қол жеткізуге болады. алымдармәні (m) формула бойынша анықталады:

$$l_3 = 1 + 0,5r = 2 + 0,5 * 0,4 = 2,2 \text{ м} \quad (Б.1.3)$$

мұндағы l – инъектордың (ұңғыманың) перфор (нақты) бөлігінің ұзындығы, м; 0,5 - эмпириялық коэффициент.

Бекітудің (Б.1.1) - (Б.1.3) формулалармен анықталатын геометриялық параметрлері негізінде және бекітудің жобамен берілген конструктивтік сұлбасы негізінде, бекітілетін топырақ массивтерінің түрі мен өлшемдері негізінде, осы массивтердегі инъекторлардың

(ұңғымалардың) жоспардағы кеңістік орналасуы мен тереңдігі бойынша алымдардың орналасуы жүргізіледі.

Осымен бір мезгілде жобаның топографиялық негізінде (жоспарлар мен қималарда) алымдардың бекітілген массивтегі кеңістік орналасуымен қатар олардың жалпы саны да есептеледі. Бір алымдарда бекітілген топырақтың бірлік инъекциядан көлемі (m^3) формуламен анықталады:

$$q_{гр} = \pi r^2 l_3 = 3,14 * 0,4 * 0,4 * 2,2 = 1,11 \text{ м}^3 \quad (\text{Б.1.4})$$

Бекітілген топырақтың жалпы көлемі (m^3) жалпы жағдайда бірлік алымдарда болған көлемнің $q_{гр}$ массивтегі алымдар санына көбейту арқылы табылады.

Жұмысшы концентрацияның бекітуші ерітінділері мен топырақты химиялық жолмен бекіту кезіндегі гель түзетін қоспалардың көлемі (m^3) жалпы жағдайда формула бойынша анықталады:

$$Q = Q_{гр} n a = 1800 * 0,48 * 0,7 = 604,8 \text{ м}^3 \quad (\text{Б.1.5})$$

мұндағы:

$Q_{гр}$ - бекітілетін топырақ көлемі, m^3 ;

n - топырақтың бірлік үлесіндегі кеуектілігі;

a – кеуекті толтыру коэффициенті, екі ерітінділі силикаттау кезінде әр бір ерітінді үшін 0,5-ке, отырмалы сары топырақтарды силикаттау үшін 0,7.

Лабораториялық зерттеулер жүргізгеннен кейін α – топырақтың ерітіндімен қанығу коэффициенті, тығыздығы $1,13 \text{ г/см}^3$ сұйық әйнектің ерітіндісін 2-5 л/мин шығынмен дайындауға 0,8 деп қабылданған.

$$Q^* = Q_{гр} n a = 1800 * 0,48 * 0,8 = 691,2 \text{ м}^3 \quad (\text{Б.1.5*})$$

Одан әрі бекітуші заттардың шығыны бойынша негізгі өзгерістер лабораториялық зерттеудің кеңесімен Б.3 кестесінде келтірілген.

Кесте Б.3 – Бекітілетін массив бойынша негізгі сипаттамалардың жинақтау кестесі

Сипаттамалар	Бірлік инъекциядан бекітудің есептік радиусы, м	алымдар мәні (м)	Массивтегі алымдар саны, дана	Бір заходкадан бірлік инъекциядан бекітілген топырақ көлемі, (m^3)	Жұмысшы концентрацияның бекітуші ерітінділерінің көлемі, m^3	Бекітуші реагенттің бастапқы ерітіндісінің саны, (л)
Лабораториялық зерттеуге дейін	0,4	2,2	1625	1,11	604,8	218,4
Лабораториялық зерттеуден кейін	0,4	2,2.	1625	1.11	691.2	249.6

Жұмысшы концентрацияның бір алымдарда бірлік инъекциясының күшейткіш ерітіндісінің көлемі құм топырақтар үшін бір ерітінділі екі құрамалы силикаттау және шайырлау кезінде формуламен анықталады:

$$q_k = q_c / (1 + \alpha) \quad (\text{Б.1.6})$$

мұндағы:

q_c – гель түзетін қоспаның бірлік инъекцияға көлемі, (5) формуламен анықталады; α – қатайтқыштың берілген рецептура үшін күшейткішке көлемдік қатынасы.

Жұмысшы концентрацияның қатайтқышының бірлік алымдарда көлемі гель түзуші қоспалар мен күшейткіштің көлемдерінің айырмасы ретінде танылады. Жұмысшы концентрацияның күшейткіштері мен қатайтқыштарының жалпы көлемі жалпы жағдайда бірлік көлемдердің алымдарда санына көбейтіндісі ретінде анықталады.

Жұмысшы концентрацияның ерітіндісінің кез келген берілген көлемін дайындауға қажетті бекітуші реагенттің бастапқы ерітіндісінің саны жалпы жағдайда формуламен анықталады:

$$Q_{ик} = \frac{\rho_{рк} - \rho_E}{\rho_{ик} - \rho_E} Q_{рк} \quad (\text{Б.1.7})$$

$$Q_{ик} = ((1,13 - 1,0) / (1,36 - 1,0)) * 604,8 = 218,4 \text{ м}^3$$

Мұндағы:

$\rho_{рк}$ - жұмысшы концентрация ерітіндісінің тығыздығы, г/см³;

ρ_E – су тығыздығы, г/см³, 1 тең деп қабылданады;

$\rho_{ик}$ – бастапқы ерітінді тығыздығы, г/см³;

$Q_{рк}$ - жұмысшы концентрацияның ерітінді саны, л.

Жұмысшы концентрацияның ерітіндісін дайындау кезіндегі бастапқы концентрацияның ерітіндісіне үстемелеп қосылатын судың көлемі осы ерітінділер көлемінің айырмасы ретінде анықталады.

Мысал Б.2. (1) Р Негізді немесе конструкцияны, элементтер мен түйістерді пайдалану бойынша шектік жағдаймен (деформация бойынша) тексеру мына теңсіздіктің орындалуын талап етеді:

$$E_d \leq C_d \quad (2.10) \quad (\text{Б.2.1})$$

(Б.8) теңдеуіндегі E_d - әсер нәтижесінің есептік мәні, ал C_d - әсер нәтижесінің шектеуші есептік мәні. Пайдаланудың шектік жағдайы үшін жекеленген коэффициенттердің мәні әдетте 1.0 тең.

Мысал Б.3. Ені 1.2 м болып келген тізбекті іргетас, бір текті қатпарлы сазға орнатылған, оның дренаждалмаған күйдегі сипаттамалық беріктігі $c_n = 120$ кПа және көлемдік сығылу коэффициенті $\gamma = 0,0001$ м³/кН, репрезентативтік тік әсерге $V = 240$ кН ұшырайды. Тиімді консолидация қатпардың қалыңдығын 3 м және кернеудің 75 кПа орташа артуын ескере алғанда, консолидациялық шөгу мынаны құрайды:

$$s_1 = 75 \times 0,0001 \times 3 = 22,5 \text{ мм}$$

Егер алғашқы шөгу $s_0 = 5$ мм, ал жылжужан болған шөгу $s_2 = 0$ болса, онда өосынды шөгу:

$$s = s_0 + s_1 + s_2 = 27,5 \text{ мм}$$

Сонымен, $E_d = 27,5$ мм. Бұл мән пайдаланудың шектік жағдайына сәйкес болу үшін шөгудің есептік шегінен C_d кіші немесе тең болуы керек. Әсер бойынша, материалдар мен кедергілер бойынша барлық қауіпсіздік коэффициенттері шөгу есебінде 1,0 тең қабылданады.

(4) Егер топырақтағы кернеудің онша үлкен емес әлдебір шамасында деформация құрылысты қалыпты пайдалану шарты бойынша шектік мәнінен аспайтынына көз жеткізсе немесе осы тектес топырақтағы жобалаудың салыстырмалы түрдегі тәжірибесімен, конструкциясымен және қолдану тәсілімен дәлелденсе, онда шөгу есебін орындау талап етілмейді.

Мысал Б.4. Жоғарыда келтірілген мысал үшін ҚР ҚН EN 1997-1, D қосымшасында баяндалған тәсілді қолданған жағдайда, артық жүктеудің $q = 15$ кПа қысымы кезіндегі шектік көтеру қабілеті:

$$R / A' = 5.14 c_u + q = 5.14 \times 120 + 15 = 63 \text{ кПа}$$

Онда үстіңгі бетінің тиімді ауданы $A' = 1,2 \text{ м}^2/\text{м}$ құрайтын негіз үшін кедергі мәнінің репрезентативті тік әсердің мәніне қатынасы тең:

$$R / V = 6,31 \times 1,2 / 240 = 3,16 \text{ кПа}$$

R мәні V мәнінен үлкен болу үшін дренаждалмаған күйдегі беріктік 36 кПа кем болатын шамаға дейін азаюға тиісті (яғни, іс жүзіндегі нақты мәнінен 30% кем құрайтын шамаға дейін). Сол себепті, 6.6.2(16) сәйкес, шөгу есебін жүргізу қажеттілігі орын алмайды.

В ҚОСЫМШАСЫ
(ақпараттық)
ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕРІ

В.1 кестеде дала және лабораториялық сынақтар және олардың нәтижелері көрсетілген, инженерлік-геологиялық жағдай туралы есеп беру кезінде ұсынылуы керек.

Кесте В.1 - Геотехникалық зерттеулерді жүргізудің әдістері

Дала сынақтары ^{a)}	Сынақ нәтижелері
CPT	Зондтың батуына топырақтың меншікті кедергісі q_c . Зондтың бүйір бет жағының бөлімшесіндегі топырақтың меншікті кедергісі f_s . Үйкелес коэффициенті R_f
CPTU	Судың кеуектік қысымын ескере отырып, зондтың батуына топырақтың түзетілген кедергісі q_t . Зондтың бүйір бет жағының бөлімшесіндегі топырақтың меншікті кедергісі f_s . Кеуектік қысымды өлшеу u
Динамикалық зондылау	Соққылар саны N_{10} сынақтар үшін: DPL, DPM, DPH ²⁾ . Соққылар саны N_{10} (или N_{20}) сынақтар үшін DPSH
SPT	Соққылар саны N . Энергия коэффициенті E_r . Топырақтың түрін анықтау
Прессиометриялық	Менард модулі E_M . Жылжығыштың қысымы p_f . Менардтың шектік қысымы p_{LM} . Жүк түсіру қысығы
Иілуге дилатометриялық	Дилатометриялық модуль E_{FDT} . Деформация қисығы
Басқа прессиометриялық	Жүк түсіру қисығы
Қалақшамен зондылау	Кесілуге су өткізбейтін кедергі (түзетілмеген) $c_{f,v}$. Кесілуге су өткізбейтін кедергі (түзетілген қайта қалыптасу үлгісі) $c_{r,v}$. График «Қосымша тіркелген күштен айналу»
Статикалық жүктемемен	Зондированияға қарсыласу уақытта өзгерудің жазбасы. Зондированияға қарсыласу - бұл: үйреншікті жүктеменің жанында ену тереңдігі; немесе, үйреншікті жүктеменің жанында 1 кН 0,2 м ге түбіне қарай ену үшін қажетті жарты айналымдарды саны
Штампты	Табан бойымен шекті түйіспе қысымы p_u
Жазық дилатометрмен	созылу кезіндегі түзетілген кернеу (үзілуде) p_0 . кеңейу кезіндегі түзетілген кернеу p_1 (кеңейу 1,1 мм). Деформацияның дилатометриялық модулі E_{DMT} , материалдың коэффициенті I_{DMT} және көлбеу анықтау коэффициенті K_{DMT}

Кесте В.1- Геотехникалық зерттеулерді жүргізудің әдістері (жалғасы)

Лабораториялық сынақтар ^{b)}	Сынақ нәтижелері
Ылғалдылық (жартас емес топырақ)	Ылғалдық w
Топырақ тығыздығы (жартас емес топырақ)	Тығыздық ρ
Топырақтың бөлшектерінің тығыздығы (жартас емес топырақ)	Бөлшектердің тығыздығы ρ_s
Өлшемдік құрам (жартас емес топырақ)	Өлшемдік құрамның қисығы
Аққыштық және домалатушектері (консистенция) (жартас емес топырақ)	Аққыштың шектік мәндері w_L және домалату w_p
Кеуектілік коэффициенті (жартас емес топырақ)	e_{\min}, e_{\max}, I_D
Органикалық заттардың мөлшері (жартас емес топырақ)	Органикалық заттардың мөлшері (C_{OM})
Карбонаттардың мөлшері (жартас емес топырақ)	Карбонаттардың мөлшері (C_{CaCO_3})
Сульфаттардың мөлшері (жартас емес топырақ)	Сульфаттардың мөлшері ($C_{SO_4^{2-}}$) немесе ($C_{SO_3^{2-}}$)
Хлоридтердің мөлшері (жартас емес топырақ)	Хлоридтердің мөлшері (C_{Cl})
pH (жартас емес топырақ)	pH
Топырақтың компрессия сығымдылығы (жартас емес топырақ)	Деформациялы қысудың компрессиялы қисығы (әр түрлі нұсқалар). Консолидация қисығы (әр түрлі нұсқалар). Жылжығыштық қисығы (екінші компрессиялы қисық). E_{oed} (кернеу аралықтарында) и σ_p немесе C_s, C_c, σ_p, C_a
Жылжуға сынақ (жартас емес топырақ)	Жылжуға су өткізбейтін кедергі c_u
Конустың құлауы (жартас емес топырақ)	Жылжуға су өткізбейтін кедергі c_u
Біросыткік сығылу (жартас емес топырақ)	Сығудағы кернеу $q_u = 2c_u$
консолидацияланбаған – су өткізбейтін кесілу (жартас емес топырақ)	Жылжуға су өткізбейтін кедергі c_u
Топырақтың консолидацияланған үшосыткік сығылуы (жартас емес топырақ)	Кернеулі-деформацияланған күйдің қисықтары және кеуектік қисымы. Кернеулерді үлестіру (тең кернеулердің сызығы). Моршенберлері. c', ϕ' немесе c_u . Өзгергіштік c_u и σ_c . Деформациялық сипаттама E' и E_u
Консолидацияланған тік ығысу (радиалданбаған) (жартас емес топырақ)	Жүктемеден топырақты ығыстыру тәуелділік қисығы. Тәуелділік – σ . c', ϕ' . Қалдықты көрсеткіштер
Топырақтың тығыздық дәрежесіне	Индекс CBR (I_{CBR})

Калифорниялық тест (жартасты топырақ)	
---------------------------------------	--

Кесте В.1 - Геотехникалық зерттеулерді жүргізудің әдістері (жалғасы)

Лабораториялық сынақтар ^{b)}	Сынақ нәтижелері
Топырақты сүзу (жартасты топырақ)	сүзу коэффициенті k , нәтижелерден алынған: тікелей лабораториялық сынақтар; дала сынақтарынан; одометриялық сынақтардан
Судың мқлшері (жартасты топырақ)	Ылғалдылық w
Тығыздық және кеуектілік (жартасты топырақ)	Тығыздылық ρ и кеуектілік n
Ісіну (жартасты топырақ)	Ісінудің кернеуінің коэффициенті. Ісінудің қысымы. Ісінудің бет жағы. Тұрақты жүктемеден ісіну
Бірыңғайлық және деформациялану (жартасты топырақ)	с.с. Юнгтің серпімділік модулі E . Пуассон коэффициенті ν
Шоғырланған күштің сынағы (жартасты топырақ)	Индекс Is_{50}
Жылжуға тұзусынақтар (жартасты топырақ)	Топырақты жүктемеден ығыстыру тәуелділігінің қисығы. Мор шеңберлері c' , ϕ' . Қалдықты көрсеткіштер
Бразилиялық әдіс бойынша зерттеу (жартасты топырақ)	Созылуға кедергі σ_T
Топырақтың үшосьтік сығылуы (жартасты топырақ)	Кернеулерді үлестіру қисығы. Кернеулерді үлестіру (тең кернеулердің сызығы). Мор шеңберлері c' , ϕ' . Юнгтің серпімділік модулі E и Пуассон коэффициенті ν
^{a)} 4-ші бөлімге қарау.	
^{b)} 5-ші бөлімге қарау	
²⁾ 4.7.2 (2). -ші бөлімдерге қарау	

Әр түрлі жобалау сатыларындағытопырақты зерттеулер әдістерін таңдау

Кесте В.2 - Әр түрлі жобалау сатыларындағызерттеулер әдістерін таңдау мысалдары

Алдын ала зерттеулер		Жобалау кезіндегі зерттеулер		Бақылау зерттеулер	
Топографиялық, геологиялық және гидрогеологиялық карталарды камералдық зерттеу. Аэро фототүсіру және интерпретация. Архивтер. Құрылыс алаңын тексеру	Майда дәнді топырақтар: CPT, SS, DP немесе SPT, сынама алу (PS, TP, CS, OS), PMT, GW	Іргетасты тұрғызу әдісін алдын ала таңдау	Қадалық іргетастар: SS, CPT, DP, SPT немесе SR, сынама алу (PS, OS, CS), FVT, PMT, GWC (PIL)	Іргетастарды тұрғызудың ақырғы әдісін таңдау. Жобалау	Қадалық іргетастар: PIL, тәжірибелі қадаларды қағу сынағы. Кернеулі толқындардың таралуын өлшеуGWC. Тұнба. Инклинометрлер
			Ұсақ салымды іргетас: SSнемесе CPT, DP, сынама алу(PS, OS, CS, TP), FVT, DMTнемесе PMT, BJT,GW		Ұсақ салымды іргетас. Топырақ үлгісін тексеру. Тығыздықты тексеру (CPT). Іргетастың шөгуі
	Дөрекі дәнді топырақтар: SS, CPT, DPнемесеSPT, SR, сынама алу(AS, OS, SPT, TP), PMT, DMT, GW	Іргетасты тұрғызу әдісін алдын ала таңдау	Қадалық іргетастар: CPT, DPнемесеSPT, топырақтан сынама алу(PS, OS, AS),FVT, DMT, GWO (PIL)	Іргетастарды тұрғызудың ақырғы әдісін таңдау. Жобалау	Қадалық іргетастар:PIL, тәжірибелі қадалар. Кернеулі толқындардың таралуын өлшеуGWC. Тұнба. Инклинометрлер
			Ұсақ салымды іргетас: CPT + DP, SPT,сынама алу(PS, OS, AS, TP), мүмкінPMT, BJTнемесеDMT, (PIL), GWO		Ұсақ салымды іргетас. Топырақ үлгісін тексеру. Қаттылықты тексеру (CPT). Іргетастың шөгуі
			Қадалық немесе ұсақ салымды іргетас: SRжәнеMWD, жарықшақтар картасыTP, CS, RDT (PMT, BJTтозған жыныстарда), GWO		Қадалық іргетастар. Бесінші қаданың және жыныстың бет жағымен аралығындағыбайланысты тексеру. Жыныстағыжарық-шақтарды тексеру. Су-дың инфильтрациясының анықтамасы. Ұсақ салымды іргетас: жыныстың бет жағындағы жарықшақтар менкөлбеудітексеру

Кесте В.2 - Әр түрлі жобалау сатыларындағы зерттеулер әдістерін таңдау мысалдары (жалғасы)

Дала сынақтары

- BJT - ұңғыма домкраты түріндегі құралмен сынау;
- DP - динамикалық зондылау;
- SR - жартасты / жартасты емес топырақты зондтау;
- SS - топырақты статикалық зондтау (мысалға, статикалық жүктемемен WST);
- CPT(U) - зондтың бату кедергісін зерттеу (кеуектік қысымның өлшемдерімен);
- SPT - пенетрацияға үйреншікті сынақтар;
- DMT - жазық дилатометрмен сынау;
- FVT - айналмалы кесіктің әдісімен дала сынақтары;
- PMT - прессиометриялық сынақтар;
- MWD - бұрғылау жұмыстары кезіндегі өлшемдер;
- SE - сейсмикалық белсенділікті өлшеу;
- PIL - қадағаның көтеру қабілеттілігінің жүктемемен сынағы;
- RDT - жартасты топырақтарды диламетриялық сынақтау.

Сынама алу

- PS - поршеньді сынақ алушы;
- CS - керн алушы;
- AS - спиральді бұрғы;
- OS - жұқа бүйірлі қағып кіргізетін керн алушы;
- TP - шурфтан үлгі алу.

Жер асты суының деңгейін өлшеу

- GW - жер асты суының деңгейін өлшеу;
- GWO - ашық жүйе жер асты суының деңгейін өлшеу;
- GWC - жабық жүйелердің жер асты суының деңгейін өлшеу.

Ескерту

- 1 Геодезиялық және топографиялық жұмыстар осы кестеге қосылмаған.
- 2 Лабораториялық зерттеулер осы кестеге қосылмаған.

Г ҚОСЫМШАСЫ
(міндетті)
ЕВРОКОД БОЙЫНША ТОПЫРАҚТАРДЫ ХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛМЕН
СЫНАҚТАУ

Жалпы мәліметтер**Сынақтау әдісі**

(1) Жоғарыда айтылған бір үлгідегі химиялық тәсілмен сынақтау дәстүрлі әдістемелерге негізделініп, көп геотехникалық зертханаларда жасалына алады. Басқа заттарды табу үшін жүргізілетін химиялық сынақтар, әдетте мамандандырылған химия зертханаларында өткізілуі керек.

(2) Көпшілік химиялық сынақтарға құрғақ топырақтың 100 г жеткілікті. Әдетте бастапқы кезеңде құрғақ топырақтың едәуір көп көлемі үлгінің/керннің талап етіледі, бірақ нақты сынақты жүргізу үшін кішігірім үлгі қажет. Ең маңыздысы бастапқы үлгінің тыңғылықты араластыруда және бөлу тәртібінің дұрыстығында.

